

Әрбір өтініш  
әкім назарында

2-бет



Ағыбай батырға  
көше бұйыра ма?

4-бет



Жәрмеңке тарихы  
жаңғырса...

5-бет



1931 жылдың 4 қазанынан  
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 19 ТАМЫЗ, 2023 ЖЫЛ №92 (23 268)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

ОҚЫС ОҚИҒА

## Алпауыт компанияда апат жиіледі

17 тамызда сағат 10:05-те «Қазақстан» шахтасында Д6 (горизонт – 170 м) көмір енісінің қазбасында конвейер таспасының өртенуі орын алды. Сол уақытта жер астында барлығы 227 адам болған. Ал, өрттен бір күн бұрын конвейер таспасы ауыстырылған екен. Кеніштегі 222 жұмысшы жер бетіне шығарылды. Құтқарушылар үш адамның денесін тапты. Қалған екі адам іздестірілуде. Өртті оқшаулау жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысы «Қазақстан» шахтасында болған өртке байланысты Үкіметке және Қарағанды облысының әкіміне апат себептеріне жан-жақты тергеу жүргізу, сондай-ақ зардап шеккендерге қажет барлық көмекті көрсету жөнінде шұғыл тапсырма берді. Үкіметке осы кәсіпорынға иелік ететін шетелдік компаниямен жұмысшылардың қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз ету жөнінде келіссөздер жүргізу тапсырылды.

Ал, аталған шахтада апаттық-құтқару амалдары кешегі күнге дейін жалғасты.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Депутаттар талабы: компания басшылығы жауапқа тартылысын

Өрт фактісіне байланысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 277-бабының 3-бөлігі бойынша «Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу» тармағы бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі уақытта қажетті тергеу шаралары жүріп жатыр.

Шетелдік компанияға тиесілі кәсіпорындарда жиі қайталанатын апаттар олардың инвестициялық және өзге де міндеттемелерін өрсекел бұзғанын көрсетеді. Аталған жағдайлар олардың Қазақстан нарығында қызмет етуіне қатысты шешім шығаруға ықпал етеді.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісі АМАНАТ фракциясының қос депутаты – Құдайберген Бексұлтанов пен Ерлан Саиров Бас прокурорға трансұлттық компания басшылығын жауапқа тарту туралы талап хат жолдады.

Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары Вадим Басин құтқару жұмыстарының қиындығын кеніштің ерекшелігімен байланыстырады.

Барлығыңыз метрода болып көрген шығарсыздар. Өндірісті ошақтарда лаулаған өртті қолма-қол сөндіре салу қолдан келмейді. Бұған алдымен қою түтін мен жоғары температура апаттық-құтқару жұмыстарын едәуір



қиындатады, – деді Вадим Басин.

«Қазақстан» шахтасында кеніштердің орналасқан жерін бақылауға мүмкіндік беретін позициялау жүйесі жұмыс істемегені жайлы мәліметтер келіп түсті. Болжам бойынша, өрттің эпицентрі аймағында болған опто-талшықтың зақымдалуына байланысты жүйе істен шыққан. Орналастыру жүйесі өшірілгеніне қарамастан, ол өрт басталғанға дейін жер бетіне шықпаған бес кенші болған деректерді ұсынып үлгерген. Бірінші болып табылған екі кеншінің денесін құтқарушылар дәл осы мәліметтер бойынша тапты.

### Өрсекел қателіктер өртке итермелеген

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік департаментінің облыс бойынша басшысы Кенгірбай Есенеев арнайы брифингте өткен жылы «Қазақстан» шахтасында жүздеген тәртіп бұзушылықтардың анықталғанын жасырмады.

– Онда 168-ден астам заң бұзушылық анықталып, айыппұл түрінде заңды тұлға жауапқа тартылды. Адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өрсекел бұзушылықтар үшін

талап-арыз материалдары үш ысанды тоқтата тұру мақсатында экономикалық сотқа жолданды, – деді Кенгірбай Алиақпарұлы.

Алайда, аталған шахта өрт салдарын жойғаннан кейін жұмысын жалғастырады.

– Құтқару жұмыстары толығымен аяқталысымен кейін комиссия шешімі шығарылады. Хаттамаға сәйкес тиісті іс-шаралар жүргізіліп, өндірістік жабықтарды қалпына келтіру іске асы-

рған; 18 жасқа толғанға дейін әр балаға ай сайынғы сақтандыру төлемі (егер бала студент болса, 23 жасқа дейін); мұқтаж отбасына тұрғын үй сатып алу немесе баспанаға тең біржолғы өтемақы; тұрғын үйді жөндеуге төлемақы; ипотекалық төлемдердің белгілі бір бөлігін жабу; компания кәсіпорындарында әйелдер мен балаларды жұмысқа орналастыруға мейлінше жәрдемдесу; әйелдер мен балалар арналған шипажайлар мен балалар лагерлеріне жыл сайынғы жолдамалар, – деп хабарлады кәсіпорын баспасөз қызметінің өкілдері.

Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасында ауруханаға жатқызылған кеншілердің жағдайы баяндалды.

– 17 тамызда профессор Мақанов атындағы көпсалалы ауруханаға тоғыз кенші жеткізілді. Олардың екеуі реанимацияда болды, қазір токсикология бөліміне ауыстырылды. Олардың жағдайы ауыр болғанымен, тұрақты. Науқастардың сана-сезімі біркалыпты. Ауырлығы жедел интоксикация синдромы мен энцефалопатияға, гемодинамиканың тұрақсыздығына, уланудың токсикогендік кезеңіне байланысты. Гемодинамикалық көрсеткіштер тұрақты, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасы өкілдері.

### Соңғы 17 жылда – 20 апат

«АрселорМиттал Теміртау» тау-кен сегменті атқарушы директорының орынбасары Сергей Огайидан журналистер кеншілер жалақысының мөлшерін атауды сұрады.

– Тау-кен учаскесіндегі кеншілер шамамен 860-880 мың теңге алады. Бұл бағам жоспар толық орындалса, қауіпсіздік шарттары мен өндірістік көрсеткіштер игерілсе, төленеді. Көмекші учаскедегі үшінші разрядтағылардың жалақысы шамамен 500-515 мың теңге, – деді Сергей Огай.

Ашық дереккөздер мәліметінше, 2006 жылдан бері металлургия компаниясында 20-дан астам апат болып, 100-ден аса азамат қаза тапқан. Кезекті төтенше оқиға резонанс тудырды қоғамда.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

## Шәкіртақы өседі

Жаңа оқу жылы қарсаңында студенттердің шәкіртақы өсетін болды. Бұл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын орындау аясында іске аспақ. Премьер-Министр Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды. Құжат 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енеді.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20%-ға, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 15%-ға, техникалық және кәсіптік білім студенттерінің шәкіртақысы 50%-ға өседі.

Қаулыда белгіленгендей докторанттарға (оның ішінде «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша) – 217 500 теңге, даярлаудың «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша резидент-дәрігерлерге және магистранттарға – 111 579 теңге, магистранттарға – 97 024 теңге, интернтерлерге 75 890 теңге беріледі. Сонымен бірге, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында педагогикалық және «Денсаулық сақтау» бағыттары бойынша білім алатын студенттерге – 67 200 теңге, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының студенттеріне – 41 898 теңге, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмысшы біліктіліктері бойынша оқитын студенттерге – 32 681 теңге, техникалық және кәсіптік (орта буын мамандарын даярлауды көздейтін), орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының студенттеріне 31 422 теңге болмақ.

ЕРТЕҢ – СПОРТ КҮНІ

## Жігер мен рухты тоғыстырған

Қарағанды спортшының бәсі басым екені ежелден мәлім. Жер-жерге, ел-елге аты шыққан Арқа абаданарын әлем таниды десек, артық емес. Танымал спортшыларды былай қойғанда, мүмкіндігі шектеулі спортшылардың жеткен жетістіктері мен марапаттары жанкүйерін сүйсіндіреді. Естеріңізде болса, мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасындағы жүзу бойынша Әлем кубогының кезеңдерінде қарағандылықтар 37 медаль, оның ішінде, жеті алтын еншілеп, ел абыройын асқақтатқан еді.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен, Венецияда өткен турнирдің бірінші кезеңінде алты қарағандылық қатысты. Олардың үшеуі – Наталья Звягинцева, Андрей Афанасьев пен Әлия Рахымбекова қатарынан кубоктың екі кезеңінде бақ сынап, Венеция мен Берлинде жарысты. Осылайша спортшылар 20 медаль, оның ішінде, 2 алтынды Италиядан алып келді. Тағы 17 медаль, оның ішінде, бес алтын – Германиядан еншілеген олжа.

Расында, қарағандылық паражүзушілер әзірге алдына қара салмай тұр. Қазіргі таңда Қарағанды қаласында 144 паражүзуші бар. Оның біразы жбыр сайынғы жарыстарда алға шығып, абырой жалауын жыққан жок.

Тек жүзуде ғана емес, өзге де спорт түрінде облыстың параспортшыларының бағасы жапыр тұр. Бүгінгі күні қарағандылық параспортшылар саны 383-ке жеткен. Олар жүзу, жеңіл атлетика, таэквондо, армрестлинг, пауэрлифтинг, дзюдо, оқ ату, голбол, арбада отырып билеу, волейбол (отырып ойнау), үстел теннисі, дойбы, тоғызқұмалақ, шахматтан жүлдегерлер.

– Елді әлемге танытқан Наталья Звя-

гинцева, Сергей Кинах, Роман Потаповтар бастаған жүзушілер. Дастан Мұқашбеков, Руфат Хабибуллин, Тоқтар Жақыпов секілді жеңіл атлетика сайыпқырандарының өзі – бір әңгімеге арқау. Ал, нағыз қара күштің иесі Никита Ермаков пен Игорь Малетиндар армрестлингтің бүгінгі жарық жұлдыздары десем болады. Оған кешегі 2017 жылғы сурдлимпиада ойындарының жеңімпазы, таэквондошы Аян Әбдірашты қосыңыз. Осы ұл-қыздарымыздың мүмкіндік шебін бұзып, «қалауын тапсаң, қар жанатынын» дәлелдегендей-ақ. Бұл спортшылар тағдырға мойынсұнбаған қайсар жандар, – дейді облыстық мүгедектер спортына мамандандырылған мектеп басшысының орынбасары Жанат Жұмабеков.

Маманның сөзінің жаны бар. Өмірге осынша құштарлықтың бұл көрінісіне сүйсінеміз. Олардың жетістігі мұнымен шектелмек емес. Біздің параспортшылар ұлттық құрама сатында Португалияда өткен IWAS Дүниежүзілік ойындарында қатысып, 26 медаль жеңіп алғаны тағы бар.

Арбаға таңылғандар мен мүгедектер арасындағы жарысқа әлемнің 34 елінен 500-ге жуық параспортшы қатысқан болатын. Жарысқа Қазақстан атынан үш спорт



түрінен 27 спортшы атсалысты. Олар – пауэрлифтинг, жүзу және жеңіл атлетика. Жеңімпаз атанғанның жетеуі – Қарағанды облысының спортшылары.

18 жастағы Игорь Хлыстов осы жылдың мамыр айынан бастап, жүгіріске ден қойған екен. Дүниежүзілік параспортшылар ойынында ол 100, 200 және 400 метр қашықтықты еңсеріп, екі қола медаль жеңіп алды. Бұл жігіттің тағдыры ерекше. Олай дейтініміз, жас спортшының туғанынан қос қолы жоқ. Алайда, ол бұған мойынған емес. Спорттың қай түрі болмасын өзін сынауға сақалай сай.

– Мен қолсыз дүниеге келдім, оларды аяқтарым алмастырды. Кәдімгідей ел қарталы мектепте оқыдым. Қазір «Болашақ» колледжінде, денешынықтыру және спорт факультетінде білім алып жатырмын. Әрине, ауқымды жарыстарда маған біршама қиын болды. Өйткені, бұрын-соңды мұндай сайыстарға қатысқан жоқпын. Тәжірибе де аз. Бірақ мен барымды салып тырыстым. Нәтижесіне халық куә, – дейді Игорь Хлыстов.

– Қазіргі таңда Үкіметтен арнайы көмек беріліп жатыр. Жеңімпаз атанып, жарыстарда нәтиже көрсеткендерге, тіпті, ар-

найы стипендия тағайындалып, сыйақы беріледі. Ал, спортшылардың сапарына, жатын орны мен тамағына мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорттық дайындық орталығы мен денешынықтыру және спорт басқармасы қаражат бөледі. Сонымен қатар, олардың жаттығу залдары да өздеріне ыңғайлы әрі тиімді. Онда шомылтатын және демалатын арнайы орындар да қарастырылған. Барлық жаттығу залдарының кіреберісінде Брайль жазулары бар. Арнайы пандустар, қоңырау мен арнайы жолдар да орнатылған, – деп атап өтті Жаннат Қуанышұлы.

Облыста осындай қамқорлық жандардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын спорт нысандарын салу жалғастырылуда. Жұмыс істеп тұрған спорт кешендері мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделген. 68 ірі спорт кешендерінің 15-і яғни 22 пайызы – мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған ғимараттардың да құрылысы кезең-кезеңімен аяқталады. Сондай-ақ, бүгінгі таңда бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат есебінен 13 ірі спорт ғимаратының құрылысы тәмамдалды. Онда мүгедектерге арналған пандустар, тактильді жолдар мен қосымша құрылғылар орнатылған. Сонымен қатар, облыс қалалары мен аудандарындағы 595 спорт алаңы мен көпфункционалды хоккей қорты мүгедек жандар үшін қолжетімді.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін спорт ғимараттарының қолжетімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда және тұрақты бақылауға алынған.

СУРЕТТЕ: 2017 жылғы сурдлимпиада чемпионы Аян Әбдіраш және бапкері Руслан Ищанов.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 503.58

•USD/KZT 463.19

•RUB/KZT 4.99

•CNY/KZT 63.39

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
18 тамыз, 2023 жылғы дерегі бойынша





• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## Әрбір өтініш әкім назарында

Сәрсенбінің сәтінде облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен облыстық басқармалардың басшылары Шахтинск қаласының тұрғындарымен кездесіп, олардың талап-арызын, өтініш-тілектерін тыңдады.



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу өткен денешынықтыру-сауықтыру кешенінде электронды кезек ұйымдастырылып, келушілер өздерін толғандыратын мәселелер бойынша облыс әкімі мен тиісті басқарма басшыларына жолығу үшін талондар алды.

Ермағанбет Бөлекпаев қаладағы проблеманың біразымен осының алдындағы кездесулерден таныс еді. Мәселен, қаланың Абай Құнанбаев даңғылындағы көпқабатты үйлердің бірінің тұрғындары балалар және спорт алаңдарын салуды сұраған болатын. Бұл нысандар салынуын салыңғанымен, футбол алаңына әлі күнге жасанды коғал төселмеген екен. Міне, осы сұрақпен келгендердің арасынан Гүлнар Полевая өздерін облыс әкімінің мұқият тыңдап, қала әкіміне тапсырма бергенін ризашылықпен айтты.

Шахтинск аумағына кіретін Шахан кентінен келген бастамашыл топ өз кенттерінде абақтандыру, жолдарды жөндеу мен көшелерді жарықтандыру ісі жалғасып, роллердромның құрылысы аяқталуға жақындап, келер жылы кентте көпфункционалды қорт салынатынына қуаныштары жеткізді. Бірақ енді оларды мазалайтын тағы бір мәселе орталық жылыту жүйесіне қосылған көпқабатты үйлер емес, осыған қолы жетпей отырған жеке сектордың үйлері болып тұр. Оларды қосу үшін ЖСК-да бар көрінеді.

Бұған қоса шахандықтар емханалардың күрделі жөндеудің аяқталуы мен оған жаңа жедел жәрдем машинасын сатып алу, «Шахтинск-Шахан», «Қарағанды-Саран-Шахтинск» бағыттарындағы жолдардың да жөндеуі жайын қозғады. Осыған орай жауап берген облыс әкімі жолдардың сапалы жөндеуі мен тұрғындардың тұрақты жылумен жабдықталуы басты назарда болып, олардың шешім табатынына сендірді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск қаласы тұрғындарымен ашық та риясыз кездесу барысында әрбір өтінішке құлақ асып, оны тіркеп, тиісті органдар басшыларына тапсырмалар берді.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинск қаласы тұрғындарымен ашық та риясыз кездесу барысында әрбір өтінішке құлақ асып, оны тіркеп, тиісті органдар басшыларына тапсырмалар берді.

ШАХТИНСК

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

РЕСМИ

## Жылу тарифі өзгереді

1 қыркүйектен бастап Қарағандыда жылу энергиясын тарату қызметтерінің тарифі 4,6 пайызға өседі деп күтілуде. Бұл туралы «Қарағанды Теплоэнергетика» ЖШС мамандары хабарлады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

31 тамызға дейін «Қарағанды Теплоэнергетика» ЖШС-нің

жылу энергиясын беру және бөлу жөніндегі қызметтерге қосылған құн салығын есептегенде тарифі гигакалория үшін 2 818,38



теңге болды. Ал, 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, қосылған құн салығынсыз гигакалория үшін 2 948,94 теңге мөлшерінде деп тариф бекітілді. Жалпы өсім – 4,6 пайыз.

## Баланың қорғаны – ата-ана

«Қоғамдағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылдау керек. Бұл ретте, отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтармен тиімді күресу маңызды рөл атқарады» деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында. Отбасындағы құқық бұзушылықтар туралы сөз қозғағанда бала құқығын айналдырып кете алмайтынмыз анық. Әлбетте, бала құқығының бас қорғаушылары – ата-анасы. Қазір қорғаушысы дегеннің өзінен төнеріш көріп, психологиялық ауытқуға ұшыраған, ешкімнен көмек күтпейтін, ешкімге көмек қолын созбайтын, ешкімге сенбейтін, дүние атаулыға ашулы көп бала өсіп келе жатыр қоғамда. Өркениетті елдер қатарына қосылғымыз келіп, қанша тыраштанғанымызбен, дәл осы жағдай реттелмей, өспейтініміз де, өркендейтініміз анық.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, өркениетті елдер өз болашағы үшін бала құқығының бұзылмайына ерекше мән береді екен. Мәселен, француздар бала құқығына қатысты екі мақсатты көздейді. Біріншісі – келеңсіз жағдайдың алдын алу. Яғни, кез келген отбасы баламен арадағы жағдай ұшығып бара жатқанын сезсе, құзырлы органға жүгінеді де, мамандардан психологиялық көмек алады. Ал, екіншісі – қорғау. Егер балаға қауіп төнсе, тағы да сол құзырлы орган баланың отбасынан қажетті шараларды қабылдауды талап етеді.

Бұл – қазақтың менталитетіне жат дүние болса да, француздардан алатынымыз көп екен. Бізде қалай? Бала тындамай, сәл мінезін көрсетіп, өз пікірін білдіре бастаса, «күшімізді» көрсетіп, не зекіп, не соққыға жығып тынамыз. Бір деңіз. Екінші қауіп төнген жағдайды біле тұра, баланың емес, үлкендердің сөзіне сеніп, жауырды жаба тоқуға тырысамыз. Осы орайда психолог баланың құқығы қорғалуы үшін ең алдымен, отбасындағы тыл мықты болуы керек дейді.

Қандай жағдай болмасын, ата-анасы қорғай алатынын білген бала өзін жәбірлеуге жол бермейді. Жақындарына сенім арта алмаған бала жасып, өзгелердің алдында төменшіктеп тұрады. Келе-келе санасында «өмірдің өзі осындай, баланы жәбірлеу қалыпты құбылыс» деген пікір қалыптасып, үнсіз жүре береді. Ал, зәбір

көргені жайлы айтса, ата-анасы сенбей, баланың өзіне ұрсып, болмаса, «өтірік айттың» деуі мүмкін. Баланы тыңдауды, сөзіне құлақ асуды, пікірімен санасуды ойламайды көп ата-ана. Қоғамда бұл қалыпты құбылыс. Осындай жағдайдан құтылмасак, дұрыс, дөні сау қоғам құра алмаймыз, – дейді Слэмия Саттаров атындағы мектеп-лицейінің педагог-психологы Сымбат Берікқызы.

Ал, АҚШ-та бала ата-анасын сотқа бере алады. Тіпті, бала анасының жатырында жаралған сәттен оның құқығы күшіне енеді. Сондықтан, ол жақта түсік жасатуға ішінара немесе толық тыйым салуды қарастыруда. Мемлекеттік органдар бала асырап алушыларға да ерекше назар аударады. Мәселен, асырап алушы отбасында балаға қатыгездік жасау жағдайлары туралы азаматтарды хабарлауға міндеттейтін заң бар.

Германияда ата-ана болу да жұмыстың бір түрі тәрізді. Яғни, жақсы жалақы төленеді. Бұл елде балаларды қорлауға және оларға күш қолдануға құқығы жоқ. Күш қолданған адам қылмыстық жазаға тартылады.

Бала зәбір-запаны көп жағдайда отбасында көретінін жазады белгілі заңгер Ләззат Рақышева. Саналы өмірін зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсетуге арнап келе жатқан заңгердің арнайы блогы да бар. Бастарынан өткен жайтты бөліскендердің бәрі сабыдін «зорлық көрдім» деген сөзіне сенбей, өздерін кінәлаған.



Облыстың полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторы, полиция подполковнигі Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева балалардың құқығының бұзылуы жағдайымен бөлісті. Атап айтқанда, көмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қатысты. Статистикалық деректер жыл сайын мұндай озбырлық жағдайлар асаудың орнына, ұлғайып келе жатқанын көрсетеді.

Облыста жыл басынан он алты жасқа толмағандармен жыныстық қатынасқа түскен немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттер бойынша алты

қылмыстық іс тіркелді. Ал, былтыр дәл осындай 8 жағдай орын алған. Бұл ретте қылмыскер белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айырылып, он екі жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Сондай-ақ, биыл жас балаларды азғындық жолға түсірген 6 жағдай тіркелді. Қылмыскерге бұл ретте он жеті жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді, – дейді Гүлбану Ратайқызы.

Облыстың көмелетке толмағандар-

• БРИФИНГ

## Құқығын білген қор болмайды

Заңда жұмыс берушінің де, жұмыскердің де құқығы анық көрсетілген. Десек те, құқығы тапталып, артық жұмысқа жегілетін жағдайлар да бар. Аянбай жұмыс істесе де, «енбегі – еш, тұзы – сор» болғанның құқы қорғалмайды емес, қорғалады. Дәлірек айтсақ, облыстың еңбек инспекциясының инспекторлары – жұмыскер құқының қырағы күзетінде. Араша сұрағанның базынасын жан-жақты қарап, зым-зия төленбей кеткен жалақысын қайтарып қана қоймай, қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеп, тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғап та береді. Тек, жұмыскердің өзі де құқығы аяқ асты болып жатса, «тағдыр салды, мен – көндім» деп жүре бермей, әрекет етпек керек. Бұндай жағдайлар облыста жоқ емес, бар. Облыстың еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма басшысы Ирина Любарская Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында осындай жайттармен бөлісті.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқарма еңбек ұжымдары арасында наразылықтың алдын алу үшін азаматтардың өтініштеріне талдау жүргізіп қана қоймайды. Сонымен бірге, әлеуметтік желілерге де мониторинг жүргізеді. Сондай-ақ, әлеуметтік және басқа да аударымдар бойынша берешекке де талдау жасалады. Мақсат – жұмыскердің құқының бұзылмайы. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде қаңтардан бастап, облыс бойынша 472 жұмыс беруші 423 мыңнан астам жұмыскердің жалақысын 10%-дан 50%-ға арттырғанын айтады Ирина Любарская.

Одан бөлек, басқарма басшысы облыс бойынша жалақы бойынша берешек бар екенін де жеткізді.

– 17 тамыздағы жағдай бойынша 164 қызметкердің 67,8 млн. теңге жалақысы төленбеген. Төлемегендер – «Bochki.kz» ЖШС, «Қуу-Чек» тау-кен кәсіпорны» ЖШС және банкротқа ұшыраған «ЦУН-Астана» ЖШС.

Тексеріске шыққан инспекторлар аталған кәсіпорындарға ұйғарым берді. Заңға сәйкес, аталған ұйғарым атқару парағының мөртебесіне ие. Белгіленген мерзімде жалақы төленбесе, ұйғарым жеке сот орындаушыларына жолданады, – дейді Ирина Любарская.

Сондай-ақ, еңбек инспекциясы жөніндегі басқарма қаңтардан бері жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзу фактілері, атап айтқанда, жалақы төлемесу, заңсыз жұмыстан шығару, демалыс бермеу сияқты себептер бойынша 2211 өтінішті қараған. Тиісті жауаптар да беріліпті.

Еңбек инспекциясының міндетіне жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептерін тал-



дау да кіреді. Нәтижесінде жұмыс берушілердің жұмыс өндірісін дұрыс ұйымдастырмайтыны анықталған. Яғни, жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне тиісті көңіл бөлінбейді. Кәсіпорындар жабдықты жанарту өз алдына, қызметкерлерге қауіпсіздік ережесін де дұрыс үйретпейді. Салдары – 7 айдағы 77 жазатайым оқиға, зардап шеккен – 89 адам, қыршынан қиылған – 10 өмір. Көш басында тағы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, Бұл кәсіпорында биыл зардап шеккендер саны – 11 адам.

– Бірнеше кәсіпорын өндірістік жарақаттың өсуіне жол берді. Олардың қатарында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «ТЭМК» АҚ, «Шубаркөл Көмір» АҚ, «Rep Milk» ЖШС және «Тау-кен технологиялары» ЖШС бар. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептерін талдау жұмыс берушілер тарапынан жұмыс дұрыс ұйымдастырылмағанын көрсетті, – дейді Ирина Юрьевна.


Сонымен қатар, жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне тиісті көңіл бөлінбейтінін де айтып отыр басқарма басшысы. Өкінішке қарай, барлық кәсіпорындарда жабдықты жаңғырту жүргізілмейді. Қызметкерлерге қауіпсіздік техникасы оқытылмайды. Тағы бір өкініштісі –

тәжірибелі қызметкерлердің өздеріне деген сенімділігі де өкпе оқиғаларға әкеледі екен.

Облыстың бас мемлекеттік еңбек инспекторы атап өткендей, егер кәсіпорындарда жазатайым оқиғалар тіркелсе және жұмысшылардың құқықтары жиі бұзылса, онда жоспарлы тексерулер мен профилактикалық бақылау жүргізіледі. Еңбек инспекциясы басқармасының ерекше назарына түскені – «ГорКомТранс» ЖШС, «Алтыналмас АҚ» АҚ, «Алтай Полиметаллы» ЖШС, «Қарағанды Су» ЖШС, «№ 3 автобус паркі» ЖШС екенін айту керек.

– Өндірістік жарақатты азайту мақсатында облыс әкімі және облыс прокуратурасы бекіткен «Өндірістік жарақатқа жол жоқ» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздігін жақсартуға бағытталған 2021-2023 жылдарға арналған Еңбек қауіпсіздігі мен жұмыскерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі «Қауіпсіз еңбек» бағдарламасы қабылданды.

Одан бөлек, елімізде өндірістік жарақатты және еңбек жағдайларында зиянды жұмыс орындарын азайту бойынша жол картасы әзірленді. 162 кәсіпорында OHSAS, ISO еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау стандарттары енгізілді, – деп атап өтті Ирина Любарская.



РЕФОРМА –  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Динара Мутубаева бүгінде баланы тәрбиелеу және білім беру, құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін ата-ана құқығынан айыру бойынша – 172 іс, ата-ана құқығынан шектеу бойынша – 47, әкелікті анықтау бойынша – 71 іс қаралуда екенін айтады.

Одан бөлек, сот төрағасы баланың құқығы олардың тұрғылықты жері, кездесу уақытын анықтау, алиментке қатысты да бұзылатынын да айтады. Баланың тұрғылықты жерін анықтауда – 109, кездесу уақыты бойынша – 90, алимент мөлшерін азайту бойынша 132 іс түскен.

Динара Маратқызы ең көп қаралуға жататын істер – ата-ана құқығынан айыру екенін айтады. Қазақстанда күн сайын 342 адам тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева Түркістан қаласындағы басқосуда дәл осылай дейді.

«1-2 бала күн сайын өз-өзіне қол жұмсайды немесе жұмсауға тырысады. Балалар арасында 1 күнде 5 қылмыс жасалады. Буллинг мәселесі де өзекті. Жылына 150 бала терезеден немесе люктерге құлап кетіп жатыр», – дейді ол.

Бала құқығын өзге бұзбасын десек, өзімізден бастаған жөн. Себебі, бала құқығының басты қорғаушысы – ана-анасы. Қорғанысқа қорлық көрсетуге дайын тұратындар қашан да табылады. Оған жол бермей, қорған бола білу де – өнер. Болашағымыз өр, намысшыл, жігерлі, психикасы сау болсын дегеннің осыны ескергені жөн.



• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# Энергетика енжарлықты көтермейді

Энергетикалық коммуналдық сектордағы қым-қуыт тіршілікті ескере отырып, «Тарифті инвестицияға айырбастау» саяси бағдарламасын жүзеге асыратын уақыт келді деп топшылады ресми билік. Оны Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы жариялады. «Біз тарифтерді біртіндеп көтеріп, оларды нарыққа жақындатамыз немесе барлық қалалар мен ауылдар инфрақұрылымсыз қалады», – деп кесіп айтты Президент.

Өндірісті өңірде әзір энергетика тапшылығы сезілмегенмен, шұқшиятын түйткілдер аз емес. Ол мәселелер уағында көзійнекпен емес, дүрбімен қарауды қажет ететіндей. Осы мақсат үдесінен шығу үшін Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті бастамашыл болған электр энергиясын тасымалдайтын бірқатар нысандарды өз көзімізбен көруге асықтық.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осакаров ауданы жазда желді, қыста қарлы. Содан болар, мұндағы тұрғындар «электр жарығы жиі сөнбеді» деген баынасын жасырмайды. «Күн райы жайсыз болса, ұялы телефонымызды жалма-жан қуаттап алуға асығамыз» дейді ауыл тұрғыны. Жергілікті қосалқы станциясы диспетчері ұсынған апаттық журнал дәйектеріне сенсек, ауданда жарық өшу жиілігі айына 20 реттен кем түспейді. Мәселенің мәнсін білмекке аймаққа электр энергиясын тарататын Қарағанды өңірлік энергетикалық компаниясының бас инженері Игорь Кондрашинге жүгіндік.

– Біз Насосная 19 қосалқы станциясында тұрмыз. Нысан тораптық мәнге ие. Молодежный кенті аймағындағы елді мекендер энергия кернеуін осы станциядан тұтынады. Мұндағы желілер 60-шы жылдардан бері қарай қолданылып келеді. Биылғы инвестбағдарламаға бөлінген қаражат сомасы 110 млн. теңге шамасында. Жекелеген нысандар күрделі жөндеуден өтіп, тозығы жеткен сымдар ауыстырылды, – деген ресми жауаппен шектелді Игорь Александрович.

Насосная 19 станциясының ахуалы бір қарағанда қораш көрінді. Мұнда келген делегацияны темір шарбағы «қушағын айқара ашқан» қалпында қарсы алды. Қатардағы ардагер энергетиктер «Стратегиялық нысан қақпасы неге ашық жатыр?» деген заңды сауал тастады ортаға. Сауалға «Тасымалдау жұмыстары атқарылды» деген екіұшты жауап қайтарылды.

«Теңіздің дәмі – тамшысынан». Облыстың бас энергетигі Қымбат Бейсенов эксперттік кеңестің инвестбағдарламаның игілігін іс жүзінде көре алмай тұрғандығын жасырмады.



желілерін басқару жөніндегі КEGOC Қазақстан компаниясы да өз үстемдігін жүргізіп бағады. Өзіңіз анықтап қараңызшы. Кейде кезекшілер жарықтың сөнуге себебін де анықтай алмай дал. Бұл дегеніміз – nonsense! Яғни, қос компания арасында ынтимақтастық, ашықтық та кем. Бірлескен жоспар да, жұмыс та тең емес. Теңсіздік салдары былайғы бұқараның қитығына тиеді. Халық қаражатын күнбе-күн төлеп тұр. Ал, жарық жарты күнге кешігеді. Біздің қолымызда ашық ақпарат жоқ. Компаниялар көп жайды жасырып тұр. Осыдан келіп, бітпейтін жаппай жабдық жаңалау науқаны жүргізіледі, – деп пікір қосты Қазақстан тұтынушылар құқықтарын қорғау қоғамының өкілі Юрий Меркудинов.

Келесі бағыт Осакаров кентіндегі Қарағанды өңірлік энергетикалық компаниясына қарасты кернеуі 10 киловольт әуе желісінің тоғаны болды. Жұмыс бабымен «ҚАЭК» ЖШС директоры Нұржан Ежбебаев таныстырды. Таныстырып жатып, сарапшылар кеңесінің «жарықтың өшу жиілігі» тұрғысындағы сауалдарын Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне тиесілі екендігін, кейбір «ұнамайтын» сұрақтарға жауап беруге міндетті еместігін алға тартты. Егерәкі жауап беретін болса, хат жүзінде іске асыратынын да жеткізіп қойды. Бұған Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Қымбат Бейсенов кері уәж келтірді. Тұрғындар наразылығы бекітілген инвестбағдарламаның сапасына мін келтіреді. Сондықтан, баспасөз туры да тексеру шарасына жататындығы айтылды жиында.

• МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

# Мигранттарға медициналық көмек шектеулі

Биыл еңбек мигранттары – шетелдіктерді емханаға тіркеу ережелері өзгерді. Енді олар емханаға ерікті немесе жүктелген медициналық сақтандыру шартымен барулары керек. Бұл өзгеріс Еуразиялық экономикалық одаққа мүше Ресей, Беларусь, Қырғызстан және Армения елдерінде азаматтығы бар, Қазақстан Республикасында уақытша тұратын шетелдіктерге – еңбек мигранттарына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Құжатқа сөйсек, аталған қатарға жататындар емханаға ерікті медициналық шарт не болмаса жүктелген медициналық сақтандыру шарты негізінде тіркеледі. Кейін шарт мерзімі өткен жағдайда медициналық ұйымнан автоматты түрде шығарылады.

Емханаға тіркелу үшін оның басшысының атына өтініш жазу қажет. Өтінішпен бірге жеке басын куәландыратын құжатты (немесе шетелдік паспорты), келісімшартты тапсырады. Олардың заңды өкілі өтініш берген жағдайда отбасы мүшелерінің келісімі қоса берілуі керек. Өтініш беруші медициналық ұйымға өзі немесе сақтандыру компаниясы арқылы жүгіне алады.

Айта кету керек, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт жасасқан кез келген алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелуге болады.

Шарт бойынша шетелдіктер ауруларды ерте анықтау үшін профилактикалық скринингтерден уақытылы өту, әйелдерді жүктілік бойынша уақытылы есепке қою (12 аптаға дейін), созылмалы және әлеуметтік маңызы бар ауруларды динамикалық байқау және басқа да міндеттемелері бар. Қазақстанда уақытша тұратын шетелдіктер айналысындағыларға қауіп төндіретін аурулар кезінде көрсетілетін медициналық көмекті қоспағанда, елдің тұрақты азаматтарына ғана көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек ала алмайды. Бұл ретте ел азаматтары, қандастар және Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер үшін емханаға тіркелу тәртібі өзгеріссіз қалатынын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, 15 қыркүйекте алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін ұйымдарға еркін тіркелуге мүмкіндік беретін жыл сайынғы науқан басталатынын да қаперіңізде болсын.

• ДЕНСАУЛЫҚ

# Жылжымалы кешен көмегі


Облыста ауылдық елді мекендерге баратын алты жылжымалы медициналық кешен бар. Олар Жезқазған қаласының көпбейінді ауруханасы, Абай, Қарқаралы, Осакаров аудандарының ауруханасында және Қарағанды қаласындағы №4 және №5 емханалар балансында. Оның әрқайсының өз қызмет көрсету аймағы бар.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осакаров ауданының жылжымалы медициналық кешені мамыр айынан бастап, шалғай ауылдарды аралап келеді. Осы уақытқа дейін 28 рет шығып, мыңнан астам адамды медициналық тексеруден өткізді. Аудан тұрғындары кешен аясында окулист, ЛОР, стоматолог, невропатолог, педиатр, кардиолог сияқты мамандардың медициналық көмегін ала алады, сондай-ақ флюорографиядан өтеді.

Жылжымалы медициналық кешен цифрлық жабдықтармен жабдықталған жеті мамандандырылған кабинеттен тұрады. Жалпы, қабылдау кабинетінен бөлек, талдау қабылдау аймағы, дәріхана пункті, функционалдық және сәулелік диагностика жасайтын кабинеттер, акушер-гинеколог кабинеті бар.

Кешеннің инфрақұрылымдық жүйемен жабдықталуы өте маңызды. Пандус-лифт мүмкіндігі шектеулі адамдарды қабылдауға көп көмек береді.



• АКЦИЯ

# Қауіпсіздік – басты талап

«Жастар рухы» жастар қанаты мен облыстың төтенше жағдайлар департаменті бірлесіп «Қауіпсіз қала» акциясын жүргізуде. Шара «AMANAT» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясында қолға алынды.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жастар рухы» жастар қанатының өкілдері қаладағы бірнеше ойын алаңын тексерді. Нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, газондар дұрыс бекітілмеген, қоршаулар сынуға жақын. Одан бөлек, ашық құдық пен қураған ағаштар жетерлік. Жастар қанатының өкілдері екі ай бұрынғы қайғылы оқиға қайталанбауы тиіс дейді.

– Мұндай кемшіліктің барлығы қоғамның назарында болуы тиіс. Бекітілмеген газоннан екі баланың зардап шеккені біздің бәріміздің есімізде. Сол кезде облыс әкімі барлық ойын алаңдарын тексеруді тапсырған еді. Акция аясында алдағы уақытта басқа да ойын орындары мен аулаларды



тексеріп, анықталған олқылықтарды құзырлы орындарға хабарлаймыз, – деді облыстың жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Жасұлан Хамитов.

Сондай-ақ, шара барысында төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың үйлерінде пештен шығатын көмірқышқыл газын анықтайтын құрылғыларды да тексерді. Шара ай соңына дейін жалғасады.





• ҰЛТ ПЕН РУХ

# Қоршаған орта

**Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ****«Қылмыстық хроника»**

Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар!  
Жиырмасыншы ғасырда,  
Қапылыста қанатымнан қайырылып,  
14 сағаттан 15 минут өткенде  
Азалы армян халқынан қалдым айырылып!!!

Ерекше белгілері:

Көресінін көрген жұрт бұл,  
Азалы!

Талантты жұрт!

Қанатты жұрт! –  
Тарқамаған базары!

Көзі – мұңды,

Лапылдаған шок – өңі,

Жүрегінде сау-тамтық жер жок еді...

Қапылыста қанатымнан қайырылып,  
14 сағаттан 15 минут өткенде  
Азалы армян халқынан қалдым айырылып!!!

Ертен – сайлау!

(Ованес Григоряннан)

**«Аңыз адам» журналының сауалына жауап**

1. Расул Ғамзатов – XX ғасырдағы сау-сақпен санарлықтай ұлы ақындардың бірі хәм бірегейі! Совет өкіметі кезінде орыстан басқа ұлттың өңесі түсіп, ешкімге керегі болмай қалған заманда ол өзінің Дағыстанының адамзаттың асқақ ұлысының бірі екенін дүние жүзіне паш етті! Оның ақындық, азаматтық миссиясының ұлылығы, міне, осында!

2. Ол менің де сүйікті ақыным! Мен ғана емес, қазақтың тегеурінді ақындары Мұқағали бастаған 60-шы жылдар буыны: «Бір өлеңі – бір елдің мұрасындай, Өлең жаза алмадым Расулдай!» – деп, оны пір тұтты! Сағи Жиенбаев, Ғафу Қайырбековтер оның әр өлеңін жалғанын жарығына шыққан бетте тәржімалап, өз өлеңіндей қадірлеп, қасиеттеп жатты... Ғафекең аударған Расулдың «Менің Дағыстанымның» көркемдік қуаты оның орыс тіліндегі нұсқасынан да асып түсті дегуге болады!

Менің де біраз тәржімаларым бар еді, көбісі Расулдың деңгейіне жете алмай қалды да, жұртып тастадым. Содан қалғаны мына кеуеі:

Дағыстанда аңыз етіп айтады

Үндістанда аңыз етіп айтады:

Ең бірінші пайда болған жылан деп.

Дағыстанда аңыз етіп айтады:

Ең бірінші пайда болған қыран деп.

Мен ойлаймын, Тәңірінің қолынан,

Пайда болған – Адам.

Сонсоң, соңынан, –

Біреуі оның кетті айналып қыранға,

Біреуі оның кетті айналып қыланға...

**Телефондап шығармашы есімді...**

(Расул Ғамзатовтан)

Телефондап шығармашы есімді...

Бара алмаймын тойына да тамаша.

Көптен күткен мен бүгінгі кешімді,

Бір әйелмен өткіземін оңаша...

Сағатың да тұрып қалар тілсіз ғап,

Қос ғашықтың тиіп кие, дуасы.

Әсем әуен, бүкіл әлем үнсіз ғап,

Боламыз бір құпияның куәсі.

Еркін әлі кірмей жүрген есімді

Алмандаршы! Тыныштық қой –

тамаша.

Көптен күткен мен бүгінгі кешімді,

Бір әйелмен өткіземін оңаша.

Мейлі, асау тойдағыдай мас болған

Басы айналсын! Одан кісі өле ме?

Мейлі, жұрттың қаңқу сөзі аспаннан

Жасын құсап жаусын-ай кеп төбеме!

Жырттам түнгі самолеттің кесірілі,

Билетін де, Жерде қалам, (тамаша);

Мен бүгінгі көптен күткен кешімді,

Бір әйелмен өткіземін оңаша.

**Расулға мен де талай жыр ариағам, соның біреуі мынау:****Жазулар**

Расул Ғамзатовқа

Күйкілікке

Тиейін жасынға ұқсап жасап бүлік,

Қоймайын пәктігіне тас аттырып!

Қанжарға –

Оңбағанның басын алған

Сөзім бар жазатұғын қашап тұрып!

Көп бейне көз алдымнан көлендеді,

Елестеп Өмір-нома өрендері.

Сіз ғана оқитұғын сол қанжарда

Жазулы Спартактың өлендері.

Өлең-құс ұшқан сайын ұзап менен,

О, сұмдық, есуасқа ұқсап келем:

Жазар ма ем бір жырымды,

қағазға емес, –

Бір арсыз бетке өткір пышақпенен!..



Соғыстар кеткен елді араз қылып,  
Бұза ма Жер тынышын тағы азғырып?  
Мың рет Хиросима хикаясын  
Жазар ма ем Ғасырымды Қағаз қылып!

...«Жақсы сөз – жарым ырыс»

аман шақта

Өзіндей ақын керек адамзатқа.

Алтыңға карағандай аң-таң қалып,

Қарайтын кез келеді қаламсапқа...

**Оқырманның құдіреті**

ФБ-да поэзияны жан-жүрегімен түйісініп, түсінетін, әрі кеткенде, 15-20 шақты оқырманым бар екен. Мен әрбір дүниемді ұсынарда сол 15-20 шақты досым мұны қалай қабылдап екен деп, алаңдап отырамын.

**Әлкей Марғұланның 100 жылдығында**В Академии Наук  
Заседает князь Дундук.

(А.Пушкин)

Азғын дүниеде –

Арым қарықты.

Жаһанда шексіз –

Жаным тарықты.

Һас Қазақты іздеп, –

Қаным зарықты.

Хакім – Абай да,

Ақын – Мағжан,

Ғалым – кетіпті...

Залым – қалыпты!

**«Біреуден біреу артылса...»**

Абай заманында:

«Көр жерді – өлең қылып,

жосты қармап,

Қобыз бен домбыра алып,

топта сарнап;

Әр елден өлеңімен қайыр тілеп,

Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап»  
(Абай) дейтін «ақылсыз, надан ақын-дар» (Абай) көп болған. Мұндайлар, тіпті, біздің нарық заманымызда күн сайын күшіктеп, көбейіп барады. Өсетін шығармаларын қолға шырақ алып, тінтіп оқығанда:

«Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,

Мал үшін біреуді алдап, біреуді арбаған» (Абай) бір өлеңін іздеп таба алмадым! Өсет Абайдың «Біреуден біреу артылса» атты өлеңіндегідей өлермен пенде болып, ұлы ақынның қаһарына іліксе, жарық дүниемен қоштасарында:

«Абайдай арт жағына сөз қалдырып,

Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу деген!»

демес еді ғой! Абайдың бұл өлеңі өнерпаз Өсетке емес, өлермен бір пендеге арналған!

«Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,

Мал үшін біреуді алдап, біреуді арбаған» (Абай) бір өлеңін іздеп таба алмадым! Өсет Абайдың «Біреуден біреу артылса» атты өлеңіндегідей өлермен пенде болып, ұлы ақынның қаһарына іліксе, жарық дүниемен қоштасарында:

«Абайдай арт жағына сөз қалдырып,

Жақсы еді-ау, өттеген-ай, өлу деген!»

демес еді ғой! Абайдың бұл өлеңі өнерпаз Өсетке емес, өлермен бір пендеге арналған!

**Қадағаның «Ірімі» мен «Жазмышы»**

Қадағаның «Ірімі», «Жазмышы» да біз үшін құбылыс болған. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды бой көрсетпеген соны дүние! Тосын, біз күтпеген шығармалар еді. Оларды елдің жатырқап қарсы алғаны содан.

Тек бір өкінерлігі – Суреткердің пенделік табиғатын ашып көрсеткісі келіп, ұсақтап кететіні бар... Меніңше, Ақын (Суреткер) – жұмыр басты пенделерден гөрі Пушкиннің Пайғамбарына көбірек ұқсас. Соны тереңдете қозғауы керек еді...

**Иммануил Канттың бір лебізі**

Мына бір қызық дерек назар аударарлық: Кант дипломына өз қолымен арабша «Бисмилләһир-рахманир-рахим» деп жазыпты дейді Аманкелді Кеңшілікүлі (ФБ).

Зерттеу керек мұны...

**Коммунизм мен Атеизмнің текетіресі**

Құдайға қарсы қоғам құрған атеистік совет өкіметінің кезінің өзінде Тәңірі өзінің құлақкесті құлдарын талай мәрте тезге салған. 1941 жылы неміс-фашист басқыншылары Совет одағына баса көктеп кіріп, ел басына екі талай күн туғанда Сталиннің өзі Мәскеу храмына жасырын кіріп, Құдайға құлшылық жасаған. Діни семинарияда оқып жүргенде Михаил әкенің «Құрдымға кеткің келмесе, құдайсыздарға қарсы сүрен сал!» деген сөзі сол күні есіне түсті ме?! Кім біледі...

Содан бастап Лениннің кезінде қалың шеру тартқан атеистік қызыл қырғыны кілт тоқтап, 1942 жылы дін өкілдерін жаппай түрмеден босата бастайды. 1945 жылы Патриарх Всея Руси сайланады! Сол дүниежүзілік екінің қырғынның кезінде Англияның Премьер-Министрі Уинстон Черчилль Сталинді ұлы қолбасшы деп атайды. Сонда Сталин былай деген: «Менің атыма айтылған мадақ орыс халқына лайық қой!», «Барлық мақтау мен мадақ Құдайға ғана тән» дегені – бұл! Ал, Халық – Құдайдың екінші есімі екенін ол жазған бізден жақсы білген! Қыршын жасынан Британия Парламентінде ақсүйектік тәрбие алған Черчилль оның алдында тектен-текке ыңғайсызданбаса керек...

**Әкемнің өсиеті**

«Сен кедейді бай қыла алмайсың», – деп еді әкем дүниеден озар жылы, – Оңбаған мен қағылған-соғылғанды да қатарға қоса алмайсың! Жаманды жақсы қыла алмайсың! Бұл Совет өкіметінің де қолынан келмеді!

Тек, жақсының жағасынан алмасаң болды...»

Әкемнің көп сөзін көңіліме токи алмай қалып едім. Осы сөзі ойымда қалды. Өмірлік ұстанымға айналған. Менің поэзиямның да түбі осы сөзден төркіндейді.

Жаманға айтар сөзім жок. Жақсыны көрсем, жаным қалмайды...

**«Я поэт. Этим и интересен...»**

Құрметті ФБ-дағы дос-жаран, Сіздер менің «ФБ-дағы фәни жалған» атты жаңа дүниемді оқып жатырсыздар. Қаршадайымнан кереғар көзқарастарды жанымдай жақсы көрем! Оқырман қалай қабылдайды оны? Бір тірі жанға өкпедеме.

Тәңірі пендесінің сана-саңылауына не құйса – сол болады! Адам баласын адам да, заман да өзгерте алмайды! Мен елдің көзін ашу үшін туған ағартушы ғалым, ұлағатты ұстаз да емен. Алаш жұрты ағартушыдан кенде емес (Абай, Ыбырай, Шоқан, Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, т.б.), солардың бізге айтпаған ақылы, төкпеген шері қалды ма? – әлі өзгергеніміз шамалы ғой?! Бір ұлттан, бір жұрттан туса – осындай-ақ тусын! «Я – поэт. Этим и интересен» (В.Маяковский).

• ҰСЫНЫС

# Ағыбай батырға көше бұйыра ма?

Ағыбайдың айтқан сөздері мен жүргізген білігі – халқымыздың өткен өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің бет-бейнесі болып табылады. Осы ретте Ағыбай батыр білігін зерттеудің айрықша маңызы бар. Тарихи материалдар мен фактілердің негізінде жасалған мұндай талдау қазақ қауымдастығында өзіндік орны бар, саяси-әлеуметтік тұлғалар билер мен шешендердің атқаратын рөлімен танысуға мүмкіндік береді. Олардың бүгінгі ұрпақ өтеміне де жарайтын ұлағатты сөздерінің қадір-қасиетін саралауға ашады.

Ағыбай батырдың бір қасиеті – шешендігі еді. Әдетте ертеден келе жатқан шешендік сөздердің көпшілігі ердің құнын, не нардың құлын даулаудан немесе үлгілі би, ердің арысы, елдің намысы сөз болатын айтас-даулардан тұған. Мәселен, атағы алты Алашқа әйгілі болған Ағыбай батырдың тапқырлық сөздері әр түрлі әлеуметтік жағдайлары байланысты болған.

Өнердің көптеген өзге түрлері сияқты, шешендік те адам баласымен ежелден бірге жасасып келе жатқан, қоғамдық-рухани мәні зор, қадірлі де қасиетті өнер. Ол – әсіресе, біздің халқымыз үшін, тіпті, ерекше бағалы.

Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен айтқанда: «Қазақ жұрты кең далада, еркін әуеле сайран салып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, дүниенің бір бұлғақтап жүрген ерке баласы болды. Сондықтан, оның сүйегінде ақындығы бар».

Демек, шешендік өнер ақындыққа ағайын, бұларды сонау халу фәләдан-ақ жүрегімізге таг-

дыр сыйлаған нұр, қанымызға дарыған қасиет деп тануымыз орынды.

Қазақтың шешендік өнері – руханиятымыздың алтын бастауы. Кезінде орыс және шетелден келген ғалымдардың өзі таң қалған баға жетпейтін өнеріміз.

Ұлттық руханият мұрасында кеңдікті, ерлікті, береке мен бірлікті, еркіндік пен өрлікті ту етіп көтерген қазақ халқы барша болмысын бір ғана тұлғасына сыйғыза алатын шешенді дүниеге әкелді. Шешенді әулиедей сыйлаған жұрт оны піріндей көрді. Міне, осыдан барып шешеннің би атына, батыр атағына, көріпкел атына не болуы заңды құбылыс болды.

Халқымыздың мұндай қабілет, дарынын өзге жұрттың білімпаз өкілдері және белгілі түркологтар да байқаған. Мәселен, айтулы зерттеуші В.Радлов: «Қазақ тілі – исламның бүлдіргіштік әсеріне ұшырамай, түптік туралы және мәнәниетін зерттеген А.Янушкевич інісі Януарийге 1848 жылдың 22 мамырында жазған хатында өзі куә болған бір даудағы шешендер айтқысы туралы: «Бұл іске біздің бірнеше күніміз кетті, өштескен екі жақ күреске барып түсті. Шешендер алма-кезек сөз таластырды. Қайсыбіреулерінің желпіне, айшықты сөйлегені соншалық, мен қайран қалдым. Ежелгі Грецияда немесе Римде болса, старшина Тоқымбай мен Бейсекелер лардың астында қалған болар еді», – деп жазды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, академик С.Қирабаевтың М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ғалымдарының дайындап шығарған «Ақжолтай Ағыбай батыр» жинақ кітабына жазған алғы сөзінде: «Тарихи деректерде де, халық жырларында да Ағыбай қайтпас қайсар,



ержүрек, көтерілістің ең ауыр, азапты жүгін арқалап жүрген батыр болып көрінеді. Ағыбайдың жеңбейтін жауы, ала алмайтын қамалы болмаған. Оның есімі ұранға, ісі үлгіге айналған.

Ағыбай туралы тарихи әдебиет туындылары оның көзсіз ерліктің ғана емес, үлкен адамгершіліктің, ақыл-парасаттың да иесі екендігін ашады. Жөнсіз қырып-жою, «Шаш ал десе, бас алу» Ағыбайдың табиғатына мүлдем жат... Халық аңыздарына карағанда, Ағыбай – батырлығына, байсалдылығына қоса, артына ұлағатты сөз қалдырған, қисынын тауып сөйлейтін шешен. Әлихан Бөкейхановтың үш сұрағына берген жауаптарында да Ағыбайдың ойлылығы аңғарылады. Бұлардың бәрі Ағыбайдың әдебиеттегі бейнесін толықтыра түседі...», – деп тұжырым жасайды.

«Ат сүрінгенше» ақыл тапқан қазақ, сөзді сөз бойын серіткен қазақ сөздің асылдығын қасиеттей білген. Ұтымды сөзге ұтымды жауап беру оңай емес екендігін әрдайым есте ұстаған. Жалпы, тіл жалпақ елге ортақ болғанымен,

тіл дарыған адам ғана, ақпа-төкпе шешен ғана, көріпкел көсем ғана оны сәнімен, ойлы мәнімен, оңтайлы орнымен пайдалана алған. Сондықтан да, кеменгер Бұқар жыраудың да:

Көш бастау қиын емес,

Қонатын жерде су бар.

Қол бастау қиын емес,

Шабатын жерде жау бар.

Шаршы топта сөз

бастау қиын,

Шешімін адам таппас дау бар.

Ұнаса үлгі қылады,

Ұнамаса күлкі қылады, – деп

айтуында халық алдында сөз бастап, әділ билік айтудың үлкен жауапкершілігі бар екенін байқаймыз.

Әйткенмен, әр заманда бүтін ел болып, кемел ой, терең ақыл күтетін сын сағаттар болады. Сол мезгілде топ жарып, толғанға сөз айттып, тағылымды ой қосып, тосыннан жол тауып, тығырықтан шығынсыз шығаратын ділмар шешендерін күткен, оларға Отан тағдырын сеніп, орасан үміт артқан. Осындай тұтқиыл шешім қабылдау арқылы ер елдің намысын қорғайтын тұста көсемдік жауапкершіліктен бейтарап қалмайтын, ауыздыға сөз бермейтін, қаусырма жақ, қызыл тілге келгенде, алдына жан салмайтын шешен-билер ортаға шыққан.

Қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін арнайы зерттеген Шоқан Уәлиханов «Сот реформасы жайлында хат» атты еңбегінде шешендік өнер өкілдері – билерге байланысты былай дейді: «Қазақ қауымында би атағын алу үшін олардың тектілігі, байлығы емес, халықтық әдет-ғұрыпты жете білуі және шешендік қабілеті болуы қажет...».

Осынау айтылғандардан шығатын қорытынды – қазақтың

сөз өнерін мойнына тұмар етіп таққан ұлттымыздың билері, ғасырлар бойғы ұлттық қазынаны терең меңгеріп, аса үлкен мәртебеге ие болған.

Сондықтан, сахараның түпкір-түпкіріне аты жайылған, Үш жүзге атағы мәлім болған Ағыбайдың әрі философ, әрі ұстаз, әрі батыр, әрі би, әрі кенесші, әрі билік иесі, әрі ділмар шешен болып келуі, тарихи заңдылық жүйенің белді-белді алғышарттары болатын.

Кенесары хан бастаған халық көтерілісінің бас қолбасшысы, кезінде халықтың қамын ойлап, ел бірлігі үшін 40 жыл бойы жан аямай күрескен, Ақжолтай Ағыбай батырдың кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалған ерлік істері бүгінгі күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Ақжолтай Ағыбай батыр Қарағанды жерінде дүниеге келіп, осы жерде өле-өлгенше өмір сүрген. Ағыбай батыр кенесі Шет ауданының, Кіик станциясынан 45 шақырым жерде орналасқан. Ескерткіш XIX ғасырдың соңында шікі кірпіштен салынып, осы кезге дейін екі рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Батырды әулие санап: «Ақжолтай Ағыбай батырдың батасын аламыз!» – деп еліміздің барлық өңірінің тұрғындары қысы-жазы ағылып келіп жатады.

Жаңа Қазақстан, Әділетті ел құру мақсатында, заман талабына сай, облыс орталығы Қарағанды қаласының көшелерінің аттарына тарихи тұлғалардың аттарын беру үрдісі басталған екен.

Осыған орай, Ақжолтай Ағыбай бабамыздың құрметіне, жаңа аудан немесе қаланың бір орталық көшесінің аты беру лайықты деп санаймыз және бұл бастаманы облыс, қала басшылары, облыстың зиялы қауымы қолдайтынына сенім білдіреміз!

**Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,**  
**Ұлытау облыстық сотының судьясы,**  
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**



# Жәрменке тарихы жаңғырса...

Тарихи мыңдаған жылдарға кеткен Қарқаралы өңірінде өзінің құпиясын, тарихын бүгінгі күнге жеткізе алмаған талай-талай дүние бар. Қызыл Кеніш, Шайтанкөл, Астаукөл, петроглифтер, ертедегі қоныстардың орны, белгісіз молалар сыры бізге беймәлім. Әріге бармай-ақ быыл ашылғанына – 175 жыл, жабылғанына – 93 жыл, Қарқаралының іргесінде 82 жыл бойы сауда көрігін қыздырған – Қоянды жәрменкесі туралы білетіміз шамалы екен. Жәрменке туралы аудандық, облыстық басшыларда журналистер, өлкетанушылар біраз мәліметтер жариялады. Сондықтан, мен жәрменкенің тарихына көп тоқталмайын, кейбір өзін білген мәліметтерді ғана айтайын.


1848 жылы көктемде Қарқаралы станциясынан 50 шақырым жердегі Токпан тауының баурайында, Талды өзенінің бойында жайлауда отырған қазақ ауылына оншақты арбамен келген Варнава Ботов ат шалдырып алуға, айырбасқа мал айдап келетін адамдарды күтіп алмаққа тоқтайды. Әккі көпес қарап жатпай, әкеле жатқан тауарларын маңайдағы қазақтарға малға айырбастай бастайды. Ол кезде жергілікті халықта ақша жоқ, сауда өлшемі, баламасы – қой болып белгіленеді. Мысалы, ағаш табақ – 1 қой, мақта халат – 0,5 қой, бір фунт (0,5 келі) шай – 0,5 қой. Қыстан азық-түліктен тарығып шыққан жергілікті тұрғындар көпестің барлық тауарларын бір аптада малға айырбастап, алып кетеді. Жергілікті қазақтар Варнаваны «Барнай, келесі жылы, осы уақытта кел, күтеміз!» деп шығарып салады. Осы бір уақыттан басталған базар аз уақытта ағалық жәрменкеге айналады. Қаржы айналымы бірнеше миллион рубльге жетеді. Сол кездегі қойдың бағасы 2-3 рубль болғанын ескерсек, сауда айналымының мөлшерін бағамдай беріңіз. Жәрменкенің атағы Батыс Қытайға, Орта Азияға, Ресейдің еуропалық бөлігіне, Сібірге тарайды. Жыл сайын көктем шыға, Қояндыға жүздеген саудагер-көпестер, мыңдаған халық ағылады.



ралы «...пригонялось огромное количество скота, в 1971 году по распоряжению генерал-губернатора Западной Сибири был отчужден из пользования киргиз земельный участок в 55 квадратных верст под ярмарку и под выпас для пригоняемого на все скота» (1 верст – жобамен 1 шақырым болады – автор) деп жазылыпты.

Қазақтар тіккен киіз үйлер саны мыңға жеткен кездер болыпты. 1885 жылы пошта, 1889 жылы телеграф, 1894 жылы «Госбанк» бөлімшесі ашылады.

Қазақстанда Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1918 жылы Семей облыстық кеңесінің атқару комитеті жәрменкенің атауын «Қоянды жәрменкесі» деп өзгертеді. Жәр-



Жәрменкенің 1924 жылғы сызбасы

Тағы бір есімде қалғаны, мал сойғанда өзеннің суы қызғылт болып кетуші еді» деп. «Басқа ғимараттардың орналасқанын көрдіңіз бе?» деген сұрағымға «Мен шіркеудің қирандысын көрдім» деп жауап берді.

Біз Абайдәлден Қоянды ауылында жәрменкеден қалған жалғыз ғимараттың маңында әңгіме өрбіттік. Оның нұсқаған жағы сызбадағы «Церковь» деген ғимаратқа қарай бағытталғанын аңғардым. Осы ғимараттың алдында шіркеу көрсетілген.

Екінші дәлел. 1924 жылы Семейде шыққан «Кояндинская ярмарка» деген кітапшада «В 1988 году было возбуждено ходатайство об открытии на ярмарке Отделение Государственного Банка и с 1984 года ежегодно на ярмарке открывается Отделение Банка, для таковой цели было выстроено специальное здание с каменной кладовой» деп жазылыпты. Үшінші суреттегі ғимараттың солтүстік жағындағы кішірек терезелері солтүстікке қараған, есіктері де ықшамдау болған кішігірім бөлмесі «Госбанк» қызметкерлерінің кенесі, жапсарлас салынған, оңтүстік жағындағы үлкен есіктері бар, қалың тас қабырғалы бөлігі – жоғарыда айтылғандай «Госбанктың» қоймасы.

Үшінші дәлел. Әкімшілік ғимараттары Талды өзеніне тік, солтүстіктен оңтүстікке қарай салынған. Сауда қатарларынан бөлек тұр. Ал, сауда қатарлары (дүкендер, қоймалар, лавкалар, т.б.) әкімшілік ғимараттарының алдына батыстан шығысқа қарай салынған. Бұл сызбадан көрініп

тұр. Ірі сауда жасайтындардың өз қоймалары бар. Тауарларын әкімшілік қатарына әкеліп қоюдың еш қисыны жоқ. Және мына ғимарат кейінірек, өте сапалы салынған, яғни, қаржысы мол, күші бар мекеме салдырғаны аңғарылады. Сондықтан да, әлі тұр. Бұл мекемені «Госбанк» деп есептедім.

Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайында сақталған мына суретте Қоянды жәрменкесінің осыдан 99 жыл бұрынғы, яғни, 1924 жылғы сызбасы көрсетілген. Суреттің сапасы нашар болса да, үлкейткішті пайдаланып мынадай мәліметтерді оқуыма мүмкіндік болды. Түсінікті болуы үшін сызбада қалай жазылса, сол бетінде беріп отырмын. Жәрменке – Қарқаралыдан барғанда Талды өзенінің оң жағына орналасқан.

- Әкімшілік қатарында нөмірленген ғимараттар.
1. Милиция
  2. Госбанк
  3. Ярмарком
  4. Суд
  5. Почта-телеграф



рек кездеседі ғой. Орынбасар бай бабамыз Тоғалақұлы Матақтың баласы емес пе екен?» деп елендегенім рас.

Жәрменкеге келетін төрт дала жолы сызбада көрсетілген:

1. Дорога из гор. Карқаралинска
2. Дорога из гор. Павлодара
3. Дорога из гор. Сергиополь
4. Дорога из гор. Семипалатинска

Қазіргі Қоянды ауылына Қарқаралыдан баратын жол – осы сызбадағы жол.

Сызбада көрсетілген үйлер, ғимараттар қызыл кірпіштен, шикі кірпіштен, ағаш бөренелерден салынғандығы көрсетілген. Ал, киіз үйлер әрі қарай өзен бойымен тітілген болуы керек. Жәрменкенің сызбасына қарап отырып, «Шіркін-ай, мына жерлермен сол кездерде қазақтың маңдайына біткен талай маркасқалары жүріп өтті-ау?! Осы топырақта ізі қалды-ау. Бүгінде қолымыздағы бірлі-жарымды фотосуреттермен, бұзылған жалғыз ғимараттың қалғаны өкінішті-ақ. Осындай тарихи орынды мемлекет тарапынан қорғауды кешіктірмей қолға алса» деген ойға келдім.

Қоянды жәрменкесінің орнында қалған ғимаратты тазартып, мүмкіндігінше қалпына (реставрация) келтіріп, Қоянды жәрменкесі туралы материалдарды (фотосуреттер, естеліктер, жәдігерлер, жәрменке туралы мәліметтер) жинақтап, сақтап қойсақ, қолынан келгендер жәрменке туралы кітап шығарса, бұл мекен туристер келетін бірден-бір нысанға айналар еді.

Жәрменкеден түсірілген суреттің қолда барының бәрі дерлік сауда-саттық тақырыбында ғана. Ал, жәрменкеге келген мыңдаған орыс, өзбек, парсы, қытай, ұйғыр, дүнген, қырғыз, моңғол халықтары өкілдерінің алдында өнер көрсеткен қазақтың әншілерін, ақындарын, палуандарын бейнелеген сурет кездестірмедім. Әрине, ондай суреттер Ресейдің архивтерінде бар шығар. Бірақ, осыны қолға алып, соңына түсіп, іздестіріп жатыр дегенді естимедім.

Қоянды жәрменкесін саудаға арналған базар ғана емес, мұнда казак халқының саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуына серпін берген кезең деп қарастыруымыз керек. Бұл келешек ұрпақ үшін керек. Қоянды туралы сөз қозғалғанда сол кездегі қазақтың дулдүлдері мен таланттары, Алаштың ардақтылары туралы айтпай кету мүмкін емес.

Әйтпесе, атақты Қоянды жәрменкесінің 200 жылдығында жәрменкенің орнында ештеңе қалмауы мүмкін. Бұл мәселе ел тарихына жаны ашитын, көкірегі ояу басшыларға, мәдениет саласын басқарып отырған азаматтарға ой салады деп үміттенеміз.

**Мейріхан ҚАСЫМЖАНОВ,**  
өлкетанушы



Жәрменкенің соңғы ғимараты. (Сызбада №2 ғимарат)

1869 жылы Батыс Сібір басқармасы жәрменкенің орнын Қарқаралы уезінің Қоянды деген жерінде, өткізу мерзімін жыл сайын 15 мамырдан 15 маусымға дейін және атауын «Ботов жәрменкесі» деп бекітеді. Реті келгенде айта кету керек, Варнаваның шөпшегі Константин Ботов көп жыл Қарқаралыда тұрып, партия қызметкері болып жұмыс істеді. Кейіннен Қарағандыға көшіп, облыстық аңшылар одағын басқарды. Қазақшаны еркін меңгерген, арабша да сауаты бар, жасында молаладан сабақ алыпты. Халін сұраған қарқаралылық жерлеріне «Бұрын етті сатып жетуші едім, енді атып жеп жүрмін» дейтін де осы Костя ағай.

Басында сауда киіз үйлер мен лашықтарда жүргізілсе, 1871 жылдан бастап, арнайы құрылыстар көптеп салына бастайды. Жәрменкеде ғимараттар, сауда лавкалары бес қатарға салынған екен. Бұл ту-

менке 1920-1922 жылдары жұмыс жасаған жоқ, ал 1930 жылы біржола жабылды. Арада 30 жыл өткенде, яғни, 1960 жылы бұл жерде «Қоянды» атауымен жаңа ауылдың іргесі қаланды. Естуімізше, жабылған жәрменкенің ағаш ғимараттарын, кірпіштерін, басқа да құрылыс материалдарын жан-жақтан келіп, талап алып кетіпті.

Әйгілі жәрменкеден бүгінгі күнге жетімісіреп, тоналып, далдуды шыққан жалғыз ғимарат жетіпті. Біз ғимаратты қарап жүргенде көрші үйден шығып, ауыл азаматтары Мұрат Исайынов, Абайдәлден Бектеміров келді, әңгімеге тарттық.

Ауыл тұрғыны Мұрат Исайынов: «Үлкендер айтып отыратын «Ауылдың сыртындағы бұлақтан ересек балалар арбамен киіз үйлерге су тасып беретінбіз. Мыңдаған бас мал суға келгенде өзеннің маңайын шаң басып кетуші еді» деп. Бұл бұлақ ауыл

сыртында әлі бар. Осы ауылдан да біраз жәдігер табылуы мүмкін. Мысалы, ауылымызда тұратын Қуат Қадырбеков деген азамат осы ғимараттың үлкен темір есігін әкеліп бара жатқандардан сатып алып, қазір сақтап отыр. Қақпада «1848» және араб әріптерімен жазылған сөздер бар. Қуат қақпаны «Кез келген уақытта қайтарып беремін, сол үшін сақтап отырмын» дейді.

Мені қызықтырған кезінде дүрілдеп тұрған, ағалық жәрменкеден қалған жалғыз ғимараттың тарихы еді. Бұл ғимаратты анықтасақ, жәрменкенің қай жерінде тұрғанымызды, жәрменкенің қалай орналасқанын білуге бола еді. Бірақ, жалғыз ғимараттың тарихын ешкім айта алмады. Әйтеуір, қабырғаларының қалыңдығына қарап, «Қойма» дейді. Менің ойымша, бұл 1984 жылы салынған «Госбанк» (№2 ғимарат) мекемесі сияқты.

## • ИМАНДЫЛЫҚ

# Кентте мешіт бой көтерді

Сұрыптау кентінде мешіт ашылды. Құлшылық үйінің ашылу рәсіміне қоғам қайраткерлері және алыс-жақыннан келген имамдар, дінтанушылар қатысты. Жиылған жұрт жұма намазын оқып, аруақтарға Құран бағыштады.

**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы уақытқа дейін 30 мыңға жуық тұрғыны бар Сұрыптау кентінде мешіт болмаған. Жергілікті жамағат бұл мәселені бірнеше жыл бойы көтеріп келді. Жаңадан бой көтерген құлшылық үйіне 1500 адам сияды. Дәрет алатын бөлмесі, ас беруге арналған асханасы, мәйіт жуатын орны бар. Жоба авторлары мешіттің сәулетіне де ерекше назар аударған. Күмбезі – 9,6 метр, мұнарасы – 19,04 метр. Қабырғасы арабша жазулар ойып жазылған кара гранитпен безендірілген. Суреттердің барлығы қол-

мен салынған. Қасбеті Дағыстаннан алдырылған табиғи тастармен көмкерілген. Бұл жұмысты сол жақтан келген мамандар жасаған. Мұнарасы алтын жалатылған. Темірі тот баспайды. Келешекте мешіттің ауласы абаттандырылып, маңайы баққа айналады.

Мешітті Атымтай жомарт, кәсіпкер Канат Өскенов өз қаражатына тұрғызған.

– Азаматтар жақсылыққа үйір болсын, жүректерінде иман болсын, басқа жолға бұрылмасын деп осындай үлкен мешітті салуды Құдай маған нәсіп етті. Халық қуанып жатыр. Олардың қуанышын көру – мен үшін шын бақыт. Құлшылық үйінің құрылысына аянбадым. Құрылыс матери-

алдарын сонау алыстан алдырдым. Қабырғадағы суреттерін салу үшін 40 суретші жұмыс істеді. 2,5 келі алтын жұмсалды.

Мешіттің ашылуына орай қарилар арасында Құран оқудан жарыс ұйымдастырылды. Салтанатты рәсімде жеңімпаздарға қомақты қаржылай сыйлық табысталды. Сонымен қатар, қабылыққа жолдама берілді. Алла үйінің құрылысына аталысқан азаматтарға құрмет көрсетілді. Облыстың бас имамы Естай Әбдіғалидің пікірінше, елімізде ислам діні өркендеп келеді.

– Қазіргі уақытта Аллаға шүкір, халқымыз, әсіресе, жастарымыз имандылыққа бет бұрды. Мешіттер жұма намаздарында, айт намаздарында лық толады. Тіпті, сыртына дейін шығып оқып жатқан жайы бар. Сондықтан, мұндай мешіттер біздің елді мекендерге өте қажет, – деді бас имам.

Ашылу салтанатынан кейін «Қазақстан



жастарының рухани-адамгершілік тәрбиесі» тақырыбында конференция өтті. Онда ұрпақтар сабақтастығы туралы айтылып, жастар мен дін мәселесі талқыланды.

Одан бөлек, Сұрыптау кентінің іргесін-

дегі Бригада ауылында халыққа құдайы тамақ берілді. Ауыл шетінде көкпар мен бәйге өтті. Ұйымдастырылған концерттік бағдарламаға «Музарт» тобы арнайы келді. Ел тойы отпашумен түйінделді.





• ЕҢБЕК СІЦІРГЕН ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ АЛЕКСАНДР АПАЧИНСКИЙДІҢ ТУҒАНЫНА – 70 ЖЫЛ

# «Балқаш жолбарысының» бапкері

Қазақ боксына еңбек сіңірген жаттықтырушы, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Александр Апачинский тірі болғанда биыл 70 жылдық мерейтойын атап өтер еді. Бокс сапаларының тұтас бір толқынын тәрбиелеп шығарған жаттықтырушының спорттық мансабының шыңы шәкірті Василий Жировтың 1996 жылғы Атлантадағы Олимпиадада алтын алған жетістігі болып, ел тарихында алтын әріппен жазылды. Замандастарының айтуынша, ол жанашыр дос, бокс жанкүйері болды. Қазақстандағы кез келген боксшы Александр Апачинскийді елдегі ең мықты жаттықтырушылардың бірі деп атайды.



Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпшілікті спортшының өмірбаяны мен жеке өмірі, жеткен жетістіктері қызықтырады. Жаттықтырушы өзінің 60 жылдық ғұмырында талай шәкіртінің жеңіс тұғырына көтерілуіне тер төкті. Александр Апачинский 1953 жылы қаңтар айында Латвия ССР-нің Моданский ауданы Эргли кентінде дүниеге келген. Сол жылы ата-анасы Балқашқа көшіп келеді.

Александр №9 мектепте оқып, 8-сыныптан кейін №20 қалалық кәсіптік-техникалық училищесіде электр мамандығы бойынша оқуын жалғастырады. Осы кезден жанында жас спортпен шұғылданады. Еңбек жолын нан зауытында электр болып жұмыс істеуден бастаған бапкер 1971-1973 жылдар

аралығында әскери борышын өтейді. Бұл туралы досы Владислав Батырбаев былайша еске алады.

– Өткен ғасырдың 60-жылдарында мен футбол ойнай бастадым. 1966 жылы Балқаш қаласындағы «Металлург» стадионының жанындағы футбол мектебіне түстім. Саша Апачинский сол кезде бокста жүр еді. Содан достығымыз басталды. Орта мектепті бітіргеннен кейін мен өндіріс саласына бет бұрдым. Ал, Александр өз өмірін спортпен мәңгілікке байланыстырып, жаттықтырушы болды. Кейін біз әскерге шақырылды. Ол Германияда, мен Забайкальде Отан алдындағы борышымызды өтеді.

Біздің жаттығу залымыз көрер көзге елеусіз еді. Өйткені, бізде залды біреулер алып, өз пайдасына пайдалана ма деген қорқыныш болатын. Дәл осы залда кейінірек

кәсіби бокста «Балқаш жолбарысы» деген лақап атқа ие болған атақты Василий Жиров жаттықты. Сол арадан мен әртүрлі халықаралық турнирлерге бардым, – дейді досы Владислав Батырбаев.

Бапкер 1980 жылға дейін «Балқаш» спорт клубында бокс жаттықтырушысы болып жұмыс істейді. 1981-1985 жылдар аралығында Балқаш қалалық №4 кәсіптік-техникалық училищесі базасында құрылған «Трудовые резервы» қоғамында қызмет атқарады. Осы жылдары бокстан Қазақстан Республикасының құрама командасының аға жаттықтырушысы болып қосымша еңбек етеді. 1992 жылы бокспен шұғылданатын жастар арасында Еуропа чемпионы Василий Жировты дайындағаны үшін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы» және

1996 жылы Атланта қаласында өткен XXVI жазғы Олимпиада ойындарынан соң «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілді. Александр Апачинский Қазақстан боксшыларының құрама командасының аға жаттықтырушысы болып тұрған уақытта – 2000 жылғы XXVII Сидней Олимпиадасында Қазақстан боксшылары 2 алтын, 2 күміс медаль жеңіп алды. Осы Олимпиаданың «Ерен еңбегі үшін» медалымен марапатталды. 2000 жылы 7 қарашада Александр Апачинскийге Балқаш қалалық мәслихатының шешімімен «Балқаш қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Олимпиада чемпионы мен Баркер кубогының иегерін тәрбиелеген республиканың аға жаттықтырушысының қарапайымдылығын замандастары жиі айтады. Ол еденді өзі жуып, тіпті, бір қыста спорт кешенінің жылуын өшіргенде үш күн бойы жылыту жұмысымен айналысқан көрінеді. Бапкер жұмысында қатал көрінгенімен, Василий Жировты туған ұлындай жақсы көріп, құрметтеп, мақтанаш еткен.

Сөз орайында тоқтала кетейік. 2000 жылы Сидней Олимпиадасында Апачинский Бекзат Саттархановқа жігер беріп, қызыл жейдесін кигізген. Ол боксшыға киімі үлкен болмас үшін бір шетін түйіп, байлап берген екен. Бекзат үлкен екенін айтқанда, бапкер оған: «Бұл үлкен болғанымен, қарсыласыңның мысын басағын қасиеті бар, сен жеңесің», – деп жауап беріпті.

Спорттық мансаптарын аяқтағаннан кейін спортшылардың көбіне мықты жаттықтырушы болу бақыты бұйырмайды. Бұл – әлдеқашан дәлелденген жайт. Ал, білікті бапкер болу жігер мен табандылықты талап етеді. Марқұм Александр Апачинскийдің бапкерлік қасиеті бағы жанды деп айтуға толық негіз бар.

## БАЛҚАШ

Қазақстан Республикасының Әнуранын 18 рет орындатқан спортшылар деп ауылымыз мақтан тұтады.

Отбасында үш бала тәрбиеленді. Үйдің кенжесі Қараманды әкем 13 жасынан бастап, өзі жаттықтырады. Нәтижесінде Қараман ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері, пауэрлифтингтен халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды. Менен кейінгі бауырым – Манас Оспанов спорт шебері. Менің балам Айтас – пауэрлифтингтен сайыстарға бірнеше мәрте қатысқан, спорт шебері нормативін орындаған, – дейді Алмаз Дәрібайұлы.

Алмаз Оспанов – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің түлегі. Бүгінде Приозерск қаласында облыстық кешенді мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі филиалының және өзі ашқан пауэрлифтинг бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебінің жаттықтырушысы. Әкеден алған тәжірибені ұштап, өзінен кейінгі бауырлары Манас пен Қараманды, баласы Айтасты және Әлем мен Азия додаларында үздік шыққан Еркебұлан Зинидилов, Данияр Тұтқышев, Жанат Сатыбалды, Айгерім Қуаныш, Бақытгүл Кошанова, Александра Горяева, Венера Курец сияқты бірнеше чемпиондарды баптауда. Бүгінде Приозерск қаласының спортшылары алдағы уақытта өтетін жарыстарға қатысу үшін шеберліктерін шыңдап, дайындықтарын пысықтауда. Бапкердің айтуынша, байрақты бәсекеде 7 шәкірті бақ сынаиды.

Талай спорт сапаларын зіл-темірге икемдеп, жеңістерге жетуіне тер төккен жаттықтырушы нәм спортшы Алмаз Оспановтың еңбегі ерен.

## ПРИОЗЕРСК

# 12 дүркін әлем чемпионы

Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығында спортты қолдау мақсатында түрлі ұлттық ойындарды өткізу үрдіске айналған. Биыл да спорт күні мерекесіне байланысты «Саламатты өмірі – жастарға үлгі» атты тақырыпта қаламыздың ауыр атлетикадан спорт шебері, кәсіби пауэрлифтингтен бірнеше дүркін әлем чемпионы, ардагер-металлург Айтжан Исақовпен кездесу өтті. Кездесуге КСРО мен Қаз ССР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Теміртау қалалық спорт ардагерлері Кеңесінің төрағасы Кемелбек Сүйіндіков арнайы келді. Шараға сондай-ақ, 5516 әскери бөлімінің сарбаздары да шақырылды.



Қазақ халқымызда үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Айтжан атамның өмірлік тәжірибесі, ақыл-кеңестері, тәлім-тағалымдары – біз үшін орны бөлек. Өзі де Теміртау қаласына жиырмадан асқан жылдан бері жасап жүргенде келген екен. Ол Қазақстан Магниткасы құрылысының қызу жүріп жатқан кезі еді. Шет ауданы Қарабұлақ ауылының тумасы металлургия қаласына үлкен арман жетегінде келді. Мұнда алғашқы еңбек жолын көлік басқармасынан бастап, жиырма алты жыл еңбек етті. Кейін Қазақстан Магниткасы аталған зауытқа «Мырышпен қыздырып қаптау» цехына жұмысқа ауысады. Осылайша қырық жыл аянбай еңбек етті. Отбасын асырап, ұрпағын өсіріп, қатарға қосты.

Ақсақал әлі күнге спорттан қол үзбеген. Жиырма төрт жасынан бері спорт өмірлік серігіне айналған. 1968-1969 жылдары халықаралық жарыста топ жарып, 1977 жылы Мәскеуде өткен, ал, 1978 жылы Ленинград қаласында өткен халықаралық жарыста жеңімпаз атанып, спорт шебері атағын алды. Бүгінде он екі дүркін әлем чемпионы Айтжан Исақовтың жетістігін қайталаған спорт ардагері кем-де-кем болар.

Бүгінде 80 жастағы Айтжан ақсақал өз жасының төлқұжаттағы сан ғана екенін дәлелденестері, тәлім-тағалымдары – біз үшін орны бөлек. Өзі де Теміртау қаласына жиырмадан асқан жылдан бері жасап жүргенде келген екен. Ол Қазақстан Магниткасы құрылысының қызу жүріп жатқан кезі еді. Шет ауданы Қарабұлақ ауылының тумасы металлургия қаласына үлкен арман жетегінде келді. Мұнда алғашқы еңбек жолын көлік басқармасынан бастап, жиырма алты жыл еңбек етті. Кейін Қазақстан Магниткасы аталған зауытқа «Мырышпен қыздырып қаптау» цехына жұмысқа ауысады. Осылайша қырық жыл аянбай еңбек етті. Отбасын асырап, ұрпағын өсіріп, қатарға қосты.

Ақсақал әлі күнге спорттан қол үзбеген. Жиырма төрт жасынан бері спорт өмірлік серігіне айналған. 1968-1969 жылдары халықаралық жарыста топ жарып, 1977 жылы Мәскеуде өткен, ал, 1978 жылы Ленинград қаласында өткен халықаралық жарыста жеңімпаз атанып, спорт шебері атағын алды. Бүгінде он екі дүркін әлем чемпионы Айтжан Исақовтың жетістігін қайталаған спорт ардагері кем-де-кем болар.

Ләззат ДИХАНБАЕВА,  
Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығының ғылыми қызметкері

• ПАУЭРЛИФТИНГ

# Толағай

1899 жылы 35 жастағы Балуан Шолақ 51 пұт, яғни, 830 келі кір тасын көтеріп, жиналған жұртшылықтың аузын аштырып, таңдайын қақтырған екен. Бүгінде «пауэрлифтинг» деген атпен бұқаралық сипат алған спорт түрі Балуан бабалардан қалған мұра іспетті. Қазақстандағы пауэрлифтинг 1988 жылдан бастап дамыған көрінеді. Қазіргі таңда бұл спорт түрінің дамуына күш салып, шәкірт тәрбиелеп жатқан жаттықтырушылар бар. Солардың бірегейі Приозерск қаласында тұратын пауэрлифтингтен Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жоғары санаттағы жаттықтырушы, пауэрлифтинг бойынша Әлем және Азия чемпионы – Алмаз Оспанов.

Республикасының пауэрлифтингтен спорт шебері атанып, Азия чемпионатында ел намысын қорғайды. 2007 жылы топ жарып, халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанады. 2008 жылы пауэрлифтингтен спорт шеберлігіне үміткер атанады.

– Бірде мен республикалық турнирде жеңіске жеттім. Бұл жеңіс жаңа жетістіктерге жетеледі. Содан кейін халықаралық турнирде тұғырдың жоғарғы сатысына көтерілім келді. Көбірек



Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алмаз Айтұлы спортқа 17 жасында келіпті. Оған дейін тек кір тасын көтеріп, бірнеше спорт түрімен айналысып көрген. Әкесі Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы, пауэрлифтингтен Азия мен Әлемнің екі дүркін чемпионы, еңбек сіңірген жаттықты-

рушы Дәрібай Оспанов жас күнінен Алмазды спортқа баулыған.

Қалың жұрт тайлы-таяғы қалмай тамашалайтын футбол, баскетбол мен волейбол, бокс пен күрес мыңдаған жасөспірімді өзіне сиқырлай тартып тұрған шақ-тын. Бірақ, спортшының көздегені ауыр атлетика болды. Әкенің жолымен жүруді қалады. Зілтемірші 2003 жылы Қазақстан

жаттығу жасай бастадым. Біраз уақыттан кейін Азия чемпионатында жеңіске жетіп, содан кейін әлемдік біріншіліктерде де үздік үштікке кірдім. Менің өмірде де, спортта да бапкерім – әкем. Қарағанды облысындағы Ақадыр кентінде тұратын Оспановтар отбасы туралы көпшілік жақсы біледі. Халықаралық аренада 31 рет жеңіс тұғырына көтеріліп,

• КУРЕС

# Боз кілемде бойжеткендер

Иордания астанасы Амманда грек-рим күресінен өтіп жатқан Әлем чемпионатынан Қазақстан құрамасы әзірге жүлдесіз.



Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қыздар арасында белдесуде 76 келіде күрескен Алина Ерғәстік поляк қызына есе жіберді. Ал, чемпионатты тәп-тәуір бастаған Шұғыла Өмірбек кіші финалға дейін жетіп, онда украиналық Алина Филиовичтен жеңіліп қалды. Шұғыла енді қола

жүлде үшін белдесетін болады. Сонымен қатар, 72 келі салмақта Шәмшиябану Тастанбек жұбаныш белдесуінде поляк өкілімен күреседі.

Сарапшылардың айтуынша, Шәмшиябану Әлем чемпионатын тәуір бастаған. Сондықтан да, әлі жеңістен үміт үзуге болмайды. Боз кілемдегі бойжеткендер ел намысын қорғайды деген сенім де, үміт те зор.

Бетті әзірлеген Жан АМАНТАЙ



• ТАҒЫМ

# Ұстаздың нұрлы бейнесі

Ұстаз сөзінің этимологиясы яғни бастапқы мәні – ұста дегеннен шыққан. «Ұста» деп халқымыз қандай да бір өнердің асқан шеберін айтқан. «Темірден түйін түйген», «ағаштан ою ойған», «аузымен күс тістеген» (сөзге ұста) жандарды «Ұста» деп дәріптеген. Ал, енді келе-келе халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы дамып, заманына сай білімді де тәрбиелі адамдарды керек қылды. Сөйтіп, ұста сөзінің мағынасы әлдеқайда кеңейіп, -з жұрнағы арқылы жаңа мәнге ие болды. «Мұғалім» деп білім мен тәрбие беретін дипломы бар кез келген адамды айтсақ, ал «ұстаз» деген сөздің мәні одан да тереңірек. Ұстаз сөзінің астары – тәрбиеші, оқытушы, ақылшы, қамқоршы, жол бастаушы, жөн сілтеуші, бір сөзбен айтқанда, барлық болашақ өнердің негізін, кірпішін қалаушы адам.

Біз 1971 жылы «Қарқаралы ауданына қарасты Қ.Аманжолов (бұрынғы Фрунзе) ауылындағы №19 орта мектептің есігін аштық. Өзім сияқты қара домалақ балаларды басына орамал тартқан, жылы жүзді, екі бетінің ұшына қызғылт арай үйірілген әдемі адам қарсы алып, сыныпқа кіргізді. Бұл сынып жетекшісі Мәрзия Асылбекова апаймыз екен.

Бірінші сыныпта таяқша, іл-мекше, т.б. суретін, кейін әріптерді жақсы жаздым, алайда, сөздерді дұрыс қосып оқи алмадым. Қалай сабақ бітеді, апай бес-алтауымыздың атымызды атап, сыныпта қалдырады. Кезек-кезек қасына шақырып алып, әліппені оқытады. Сөзді ежелеп «а, б» деп тұрғаның. Зордың күшімен оқып боласың. Келесі күні апайдың сабақтың соңында қалдыруды ұмытып кетуін не болмаса, дала қыс қой әрі күн кешкіріп барады, қайтаратын шығар деп іштей тілеп отырарсың. Жок, ұмыту қайда? Тағы да қалдырады. Оқи алғандар кетіп, бірте-бірте азая бастады.

Апай бір күні үйге қыс туралы тақпақ берді. Тақпақ дегенде 3-4

шумақ өлең. Қандай өлең екенін айтпай-ақ қояйын. Әйтеуір қойшы, шешем мен ағам екі жақтап жаттатты. Келесі күні «бес» алып, төбем көкке жетіп, мөз болдым. Қызықты қараңыз, үй тапсырмасына тағы да қыс туралы өлең келіп тұр. Үйдегілерге жалынбай, алғашқы шумағын тез жаттап алдым. Өрі қарай оқуға тісім батпады. Кеше «бес» алдым ғой, бүгін сұрай қоймас деген сеніммен сабаққа келдім. Алфавит бойынша журналда бірінші әлде екінші тұратынмын. Сұрады-ау ақыры. Әлгі өлеңнің бір шумағын айттым да, біреу басқа ұрғандай қалт тоқтадым. Апайым қанша жетеле-се де, жоқ нәрсе қайдан шықсын. Басымды сипап-сипап тұрып: «Апай, кешегі өлеңді айтайыншы», – дедім. «Айта ғой» деген сөзді ести сала, бар ынтамды салып айтып шықтым. «Кешегіден жақсы айттың» деп тағы бір бесті күнделікке қойды. Әрине, апайымыз мұндай жағдай қайталанба бермейтіні ескертті. Сол күннен бастап, сабақты бірде-бір рет оқымай барған күнім болған емес-тін. Бұл ұстазымыздың еңбегінің жемісі,



ал менің оқу майданындағы алғашқы жеңісім болатын.

Мектептің баспалдағы – бастауыш сынып. Аты айтып тұрғандай, бастауышта бала қалай тәлім-тәрбие алады, солай мектепті аяқтайды. Мәрзия апай біздің сыныптағы балаларды бөліп-жармады. Бір үйдің баласындай қарады. Содан болар, бірге оқыған кластарымыз мектеп бітіргенше бір-бірімізбен тату-тәтті, достық қарым-қатынаста болдық. Басқа сыныптарға қарағанда ұйымшыл да озық сынып

болған тәртіздіміз.

Мәрзия Әбубәкірқызы соғыс жылдарында күннің ыстық-суығына қарамай, ауыл-ауылды атпен аралап жүріп, балаларды оқытады екен. Арқадағы ауылдардың арасы бір-бірінен 10-15 шақырымнан кем емес қашықтықта орналасады және жолда неше түрлі жағдай кездесетіні тағы бар. Ел басына күн туған сәтте, ер ісіне бергісіз іс атқарған ұстаздан тәлім-тәрбие алғанымыз мақтаныш тұтамын.

Өмірімде жақсы ұстаздардың алдын көп көрдім. Бірақ та, кітапқа сүйіспеншілігімді оятқан алғашқы ұстазым – Мәрзия апайдың орны бөлек. Кешегідей есімде, 10-сыныпта «Соңғы қоңырау» салтанатында мектептен қоштасу сөзін оқып тұрғаныма, Мәрзия апай көзін орамалының ұшымен сүртіп жатқанын байқап қалдым. Біздің сыныптас қыздарымыз мұрындары пысылдап, жылап тұрды. Көзіме жас тығылып, дауысым дірілдеп әрең оқып шықтым.

Мәрзия апай жайында «Ұстаз жайлы дастан» (А.Макаренко) жазбасам да, ол кісінің туғанына 100 жыл толуына орай осы бір кішкентай естелікті жазғаныма өте қуаныштымын.

Мәрзия апайдың нұрлы бейнесі мен ұстаздық ісі менің ұстаздық жолымда мәңгі шамшырақтай жол көрсетіп тұрады. Мәрзия апайдай болашақтың тірегі – баланы оқытудан, үйретуден жалықпасақ, аянбасақ деймін.

**Қанат ӘБІЛҚАСЫМОВ,**  
Алматы Мемлекеттік тілді дамыту институтының оқытушысы

## Теңізбай Нәбиұлы РАҚЫМЖАНОВ

Үстіміздегі жылдың 6 тамызы күні елімізге белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, танымал ақын-жазушы, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жерлесіміз Теңізбай Нәбиұлы Рақымжанов 77 жасында өмірден өтті.

Теңізбай Нәбиұлы 1946 жылы 9 сәуірде Өспен ауылында туған. Өспен қазақ орта мектебін бітірген соң, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқуға түсіп, 1969 жылы журналистика мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын кезіндегі «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер болып бастап, 1971-1981 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып еңбек етіп, 1976 жылы «Қазақ совет халық поэзиясындағы импровизаторлық дәстүрдің дамуы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1981 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Қазақ әдебиеті», «Қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» курстарынан дәрістер оқып, «Сәкен Сейфуллин және шығармашылығы» тақырыбы бойынша семинарлық сабақтар жүргізді. Аға оқытушы, доцент ретінде ұстаздық қызметтерді атқара жүріп, ғылымнан қол үзген жоқ. Прозалық шығармалардың поэтикасына ден қойып, сол бағыттағы ғылыми еңбектерді жүйелі түрде зерттеген ол, 1993 жылы «Қазіргі қазақ романының поэтикасы» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік шығармалар М.Әуезовтің «Абай жолы» романы, эпопеясы, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясы, Д.Әбішевтің «Сұлтанмахмұт» трилогиясы, С.Жүнісовтің «Ақан сері» романы және Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» атты романдары докторлық диссертациясының зерттеу нысаны болды. 1995 жылы профессор ғылыми атағына ие болған Теңізбай Нәбиұлы 2017 жылға дейін филология факультетінің «Қазақ әдебиеті» кафедрасында профессор қызметін атқарды.

Оның «Халық ақындарының творчествосының көркемдік сипаты» («Ғылым» баспасы), «Қазіргі қазақ романының поэтикасы» және «Романның көркемдік әлемі» («Рауан» баспасы 1997 ж.) монографиялары, С.Шәймерденов повестеріндегі психологизмге арналған ғылыми мақалалар топтамалары бар, жалпы саны 160-тан астам ғылыми-зерттеулік мақалалары әртүрлі ғылыми басылымдарда жарияланған. 2016 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлағат» баспасынан «Қазақ прозасындағы психологизм» атты ғылыми-зерттеу кітабы жарық көрді. Теңізбай Нәбиұлының ғылыми жетекшілігімен бір докторлық, екі кандидаттық диссертация және бірнеше магистрлік, дипломдық еңбектер қорғалған.

Еліміздің болашағын өркендетуге үлес қосатын жас мамандарды даярлаудағы ұзақ жылғы ұстаздық еңбегі лайықты бағаланып, «Қазақстан Республикасының Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Үздік ұстаз» төсбелгісімен және министрліктің, университет басшылығы атынан бірнеше мәрте Алғыс хаттармен марапатталды. 70 жылдық мерейтойына орай «Ғылым. Ғалым. Ғибрат» атты республикалық конференциясы өтіп, 2 бөлімнен тұратын жинақтың 1-бөлімі тұтастай Теңізбай ағаның өмір жолына, шығармашылығына арналған.

Болашақ игілігіне сапалы дүние жазып қалдырған марқұм ағамыздың отбасына және туған-туыстарына көңіл айтамыз. Оның жарқын бейнесі мәңгілік жадымызда сақталады.

**Шет ауданының әкімдігі, аудандық мәслихат және аудандық ардагерлер кеңесі**

№491

• ДІН - ДІҢГЕК

# Отбасы құндылығы – ұлт болашағының негізі

Отбасы мен ұлттық құндылықтар дәріптелген семинар-тимбилдингке бұл жолы 40 әйел және 30 бала қатысты. Шараны Қарағанды облысы діни істері басқармасы «Қарағанды облысының конфессияаралық қатынастары проблемаларын зерттеу және талдау» орталығының тапсырысымен «Аманат» қоғамдық бастамалар орталығы» қоғамдық қоры ұйымдастырды. Теміртау қаласындағы «Космонавт» демалыс орталығында әйел жамағаты арасында өткен жиында деструктивті діни-ағымдардың жетегінде кетпеу үшін қайтпек керектігі түсіндірілді.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тимбилдинг-семинарға қатысқан жамағатқа ұлттық және отбасы құндылығы дәстүрлі діннің негізінде ұштастырылып, салт-дәстүр насихатталды. Теолог-мамандар қазір қоғамдағы басты проблеманың бірі – ата-ана мен баланың қарым-қатынасы, бала тәрбиесіндегі отбасылық және ұлттық құндылықтардың ұмытылып бара жатқаны жайында баяндады.

– Тимбилдингтің басты мақсаты – ұлттық және отбасылық құндылықтарды насихаттау. Қазіргі қоғамда көп жас отбасылар қазақтың салт-дәстүрлерін насихаттай бермейді. Міне, осыны дәстүрлі дініміздің шеңберінде біріктіре отырып, семинар жүргіздік. Мысалы, қазір көп ата-аналар жұмысбасты. Баланың тәрбиесіне қолы тимейді. Ата-ана мен бала қарым-қатынасы қандай болу керек? Мұны түрлі ойындар арқылы түсіндіруге ұмтылдық, – дейді дінтанушы Жанар Қарсыбекова.

Түске дейін теолог пен психологтар дәріс оқыды. Онда қазақтың салт-дәстүрі дәріптелді. Соған байланысты, интеллектуалды ойындар ұйымдастырылды. Қатысушылар белсенділік танытты. Өздерін қызықтырған сауалдарға



жауап алды. Басты мақсат – теріс ағымдардан алыстатып, дәстүрлі дінімізді түсіндіру. Сол арқылы иммунитет қалыптастыру.

– Деструктивті діни ағымдардың жетегінде кеткендер әлеуметтік желілерде және шынайы өмірде де көп. Біз психологиялық тұрғыдан оларға теологтармен

бірігіп, психология, ұлттық құндылықтарымыз және дәстүрлі дінімізді байланыстыра отырып, семинар жүргіздік. Мақсатымыз – ана мен бала арасындағы жалпы, отбасылық қарым-қатынасты реттеу. Салт-дәстүрлерімізді саналарына сіңіру, – деп атап өтті психолог маман Назым Алыпсабаева.

«Ана мен бала» қоғамдық қорының мүшесі Хуршида Юлдашева.

Әйел жамағаты арасында мұндай тимбилдинг осымен төртінші жыл өткізілуде. Мамандар алдағы уақытта да дін мен дәстүрге баса назар аударылатынын, осындай шаралардың жалғасатынын атап отыр.

• ҚЫЛМЫС

# Есірткі тасымалдаушы ұсталды

Қарағанды облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері жезді-іздістіру іс-шаралары барысында 23 жастағы есірткі жасырып кетушіні ұстады.



**Жаная ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәркіленген заттарға жүргізілген сараптама қорытындысына сәйкес алынған зат 200 грамнан асатын психотроптық есірткі екені белгілі болды.

Күдіктіге қатысты Қылмыстық кодекстің 297-бабы «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» бойынша қылмыстық іс қозғалды. Тергеу әрекеттері жүргізілуде.

**Академик Е.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:**

- «IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика),
- «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, [priemka@ksu.kz](mailto:priemka@ksu.kz)

№409

**Қарағанды Шинсервис**

Арнайы дилер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүзекшіліктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Қарағанды қ.қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1  
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800

**43-21-55**  
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

**Электрондық пошта:**  
**ortalyk.kaz@mail.ru**





• СПАРТАКИАДА

# Қарағанды құрамасы қара үзді

Облыс орталығында өткен «Арай-2023» аймақ қалалары арасындағы XVI облыстық жазғы спартакиада мәресіне жетті. Оның ашылуы орталық саябақта қала әкімдігінің ұйымдастыруымен облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұловтың қатысуымен өтті. Тамыздың әр үшінші жексенбісінде атап өтілетін Спорт күні қарсаңында спортшылар мен қала тұрғындары үшін үлкен ойын-сауық бағдарламасы ұсынылды.

Жәлел ШАЛҚАР  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ербол Әліқұлов жұртшылықты Спорт күнімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Шын жүректен қатысушыларға жеңіс тілеймін! Ең бастысы, спартакиада халықтың барлық топтарын біріктіреді. Студенттер, мемлекеттік қызметкерлер, зейнеткерлер және мүмкіндігі шектеулі жандар да қатысады. Басты міндет – бүкіл халқымызды спортқа баулу – деді Ербол Шымкентбайұлы.

Мереке барысында ерекше көзге түскен жаттықтырушылар мен оқытушыларға денешынықтыру мен спортты дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Алғыс хаттар, Құрмет грамоталары мен сыйлықтар табыс етілді.

Әлия Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің қызметкері Абылай Шұлбанбаев «Құрметті



спорт қызметкері» төсбелгісіне ие болды.

Спартакиадаға Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Приозерск, Саран және Шахтинск қалаларынан 600-ге жуық спортшы қатысып, бақ сынасты.

Спорт шеберлері екі күн бойы 12 түрлі спорт түрінен өзара жарысты. Атап айтсақ, армрестлинг, волейбол, қазақ күресі, жеңіл атлетика, үстел теннисі, шағын футбол, жазғы Президенттік көпсайыс, пауэрлифтинг, тоғызқұмалақ, шахмат,

дойбы, асық ату және бес асықтан тартысқа толы сайыстарға күз болды жұрт.

– Мен спартакиаданың төрешісі ретінде осымен алтыншы рет қатысып отырмын. Басты мақсатымыз – адал төрешілік ету. Қатысушылар барын салды. Біз әділ төрелік еттік, – деді жарыстың бас төрешісі Қайрат Абдуллаев.

Шахтинск қаласынан келген «Тентек» ДСК нұсқаушысы Дарья Федько спартакиадаға үшінші рет қатысып отыр. Мұндай жарыстар спортпен шұғылдануға ынталандыратынын айтады.

– Біздің команда ерлер мен әйелдер арасында барлық жас санаттарына қатысты. Қатарымызда бухгалтер, мұғалім, IT маман және жеке кәсіпкерлер бар. Біз көп жаттықтық. Жүлдегерлер үштігіне енеміз деп сендік. Сол сенімнің үдесінен шығып, үздік үштікті қорытындыладық. Өте қуаныштымыз, – деді Дарья Федько.

Спартакиада қорытындысында жалпыкомандалық есепте 189 ұпаймен Қарағанды қаласы I орынды, 149 ұпаймен Теміртау қаласы II орынды, 125 ұпаймен Шахтинск қаласы III орынды иеленді.

• ЧЕМПИОНАТ

# Шашасына шаң жүкпады

Жазғы шаңғы жарысынан Ақмола облысында өткен республикалық чемпионат мәреге жетті. Спорт додасында еліміздің 14 аймағынан келген спортшылар бақ сынасты.

Жәлел ШАЛҚАР  
«Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионат үш бағытта өрбіді. Атап айтсақ, кросс, дөңгелекті шаңғымен классикалық айналым және дөңгелекті шаңғымен коньки стилінде сырғанау. Қарағанды облысының шаңғышылары жоғары деңгейде нәтиже көрсетіп, рекордтық марапаттарға ие болды. Облыстық құрама қоржынында бес алтын, екі күміс және алты қола медаль бар. Ә.Молдағұлова атындағы олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінің жаттықтырушысы Максим Щербакотын айтуынша, балалар өте жақсы деңгей көрсетті.

Сонымен, үлкен жастағы қыздардың тобындағы кросс-жарыста Алиса Тротно үш шақырым

қашықтықты бірінші болып аяқтады. Сол жарыста Дарья Латыпова қола жүлдегер атанды. Сол километрадағы орта топта Ясмينا Какеновамен ешкім үзенгі қағыстыра алмады. Ал, жас жігіттер үшін, бес шақырым қашықтықта Виталий Красиков екінші орынды иеленді.

Шаңғымен сырғанау жарысында Евгения Вадутова бес шақырым қашықтықтағы үлкен жастағы қыздар тобында классикалық шебер қимылымен көш бастады. Осы стартта Дарья Землянухина ең мықты үштікті түйіндесе, сол бағытта орта топтағы спортшылар да уақытылы жүріп өтті. Екінші болып, мөре сызығын Дилара Бейсекеева кесіп өтті. Ал, үлкен және орта жастағы жігіттер арасында Александр Вадутов пен Виталий Красиков ерекшеленіп, I



және III орындарды жеңіп алды. Сол қашықтықта дөңгелекті шаңғымен коньки стилінде сырғанау жарысында Дарья Землянухина жасы үлкен қыздар тобында үздік атанды. Евгения Вадутова қола медаль, Ясмينا Какенова мен Виталий Красиков та өз жас санатында сол позицияда болды.

– Шаңғы жарысынан Қазақстан Республикасы Чемпионатының қорытындысы бойынша

медальдық есепте Қарағанды облысының командасы өз активіне 13 марапатты жазып, I орынды иеленді. II орынға сегіз медальмен Қостанай облысының спортшылары орналасса, Ақтөбе облысының шаңғышылары төрт медаль жеңіп алып, үздік үштікке енді, – деп атап өтті Максим Щербакот.

• БОКС

# Апалы-сіңлілі боксшы қыздар

Шахтинск қаласында тұратын Жәніс пен Мәриям Оспановтар – бес баласы бар қобалалы отбасы. Ұлдары – Нияз 4, ал Гафур 2 жаста ғана болса, үлкен үш қызы бірдей бокстан спорт шеберлігіне үміткер.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданының Балықтықөл ауылында туып-өсіп, жасынан күреспен шұғылданып, 2018 жылы Қазақ туризм және спорт академиясын сырттай оқып бітіріп, зейнетке шыққан әскери қызметкер отағасы Жәніс қыздарының бұл талабын қайтармай, үнемі қолдаумен келеді. Олардың әр жетістігіне қуана қол соғады. Біз көргенде үйінің жарты қабырғасын осы үш баласының алған медальдары мен кубоктары жарқырай алып тұрды.

– Ең бірінші болып қаладағы Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығының бокс үйірмесіне барып, жаттығуды кіші қызым Аяулым бастады, – дейді ол. – Кейін апалары оған еліктеп, 2001 жылғы Әзизмен мен 2009 жылы туған Кәмила да осы жолды таңдады. Осы уақытқа дейін олар облыс пен республи-

каға, алыс-жақын шетелдерге танымал болып қалды. Үшеуін де жақсы досым Рамазан Мизамбаев жаттықтырады.

Әсіресе, 7 жасынан бастап бірінғай бокспен айналысып жүрген Аяулымның атағынан ат үркерлік. Ол 9 жасында-ақ Ресейдің Новосибирск облысында өткен халықаралық турнирдің жеңімпазы атанған. Ал, биыл Италияның Ассизи қаласында болған халықаралық турнирден де Кәмила екеуі алтыннан алқа тағып оралды. Республика чемпионатының финалисі атанған Әзизасы осыдан үш жыл бұрын алған жарақатына байланысты бұл спорт түрімен қош айттысып, бүгінде Қарағандының «Лингва» колледжінің 2 курсына грантпен оқып жатыр. Бір айтарлығы, бос уақыттарында ертелі-кеш жүдодықтасу жаттығуларына жан кинап, тер төгіп жүргенімен де, үшеуі де сабақтарының үздік оқиды екен.

Шахтинск қаласындағы №16 және



Сәкен Сейфуллин атындағы гимназияның оқушылары Кәмила мен Аяулымның болашағы алда. Алайда, қаражат-

тың жетіспеушілігі мен демешілердің жоқтығы олардың тауып шағып, бағын байлауда. Италияға барған жолы облыс-

тық олимпиадалық резерв мектебінің директоры, әлемге әйгілі боксшы Серік Елеуов бұларға жол қаражатын тауып беріп, көмегін көрсетті, Алайда, бүгін Бразилияның астанасы Рио-де-Жанейро қаласында басталатын Бүкіләлемдік жазғы гимназиадасына осы себептермен бара алмай қалды. Ал, кәсіпкерлікті жаңа ғана бастап, жеке дүкендерін ашқан ата-анасының әзірге оған шамасы жоқ.

Бразилиядағы бұл байрақты бәсекеге әлемнің 48 елінен 2 мыңнан астам оқушы қатысып, 7 күн бойы спорттың 22 түрінен медальдар сарапқа салынатын көрінеді. Соның ішінде, қазақстандық жас боксшылар да өнер көрсетпек. Ешкімнен қайран болмаған соң жаттықтырушылары Рамазан ағалары өз ақшасымен ұлын алып, сонда ұшып кетіпті. Сол 7 күннің барып-қайту шығыны бір адамға 1 жарым миллион теңгенің шамасында ғана. Бірақ ондай мүмкіндігі болмаған бала боксшылар Оспановтардың омынғаннан басқа амалы қайсы?! «Бұлақ көрсен, көзін аш» дегендей, болашағынан үміт күттіретін жас боксшыларды қолдар адам табылар ма? Әрісі министрлік, облыстық, қалалық басқармалар, берісі Шахтинск қаласының әкімдігі мен дене шынықтыру және спорт бөлімі барымызды бағалап, осы бір екі қыз балаға қамқорлық жасап, жолын ашса игі еді?!

ШАХТИНСК СУРЕТТЕ: апалы-сіңлілі боксшылар.

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБИЛДА  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы –  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары –  
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары –  
Қ.А. АЙТЖАН  
Бас редактор –  
Е.К. МҰСАБЕК  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К21ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 396

№ 92 тапсырғы. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің көпшіліктері органдық тәртіпті, беттелген.  
Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕКОВА